<p>Ш апта «Құстар-біздің досымыз»</p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1. Мақсаты.</b> Дотты бір-біріне домалатулы қайтадай отырып, (1,5-2 м) Қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігі мен үйлесімділігі дамиды. <b>2. Мақсаты: (БК)</b> Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттады. Кішкене қашықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүруді біледі. <b>3. Мақсаты:</b> Сапка тұру, жүру, зал ішінде шашыранқы жүгіруді, өз орындарын тауып дұрыс тұра біледі. Жалпы даму жаттығу-ларын және негізгі қимыл –</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Құстар біздің досымыз» <b>Мақсаты:</b> Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау туралы түсінеді. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі <b>Мақсаты:</b> Бағалар ертегіні тыңдай отырып, қарлығаштың адамға дос екенін, дәуіттің адалдығын түсінеді. Бағалар бір-біріне көмек тесеуге, қиналған кезде жәрдем беруді біледі.</p>	<p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Қыста құстарға қамқор боламыз <b>Мақсаты:</b> Әлकेде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады, қамқорлық жасау керектігін біледі.</p>	<p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Торғай» <b>Мақсаты:</b> торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей біледі. Шымшу, басу, тегістеу тәсілдерін меңгереді.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Аңлар айтысы <b>Мақсаты:</b> Әннің динамикалық ренкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жанр арлардың қимыл-</p>

<p>үйренеді..</p>	<p>распознавать детенышей, воспитывать любовь к животным, формировать и детей доброжелательное и заботливое отношение к животным, понимание особенностей поведения животных.</p>	<p><b>Кұрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жануарларларға қора жасаймыз» <b>Мақсаты:</b> Кұрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Шығармашылық қиялдау дағдыларын қиялдау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Математика</b> <b>негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Он жақта, сол жақта, ортасында. <b>Мақсаты:</b> кеністікті бағдарлай алады. Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттып; зейіндері дамиды</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Тотықұс» <b>Мақсаты:</b> Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеу ді біледі. Эстетикалық тәрбие туралы түсінеді.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Құстың ұясы» <b>Мақсаты:</b> Құстар және олардың түрлерімен таныса отырып, өз ойларын айта алады. Құстарды аялай білуде ересектердің еңбегі туралы. Түсінеді.</p>
<p>III апта Кұстар-біздің досымыз»</p>	<p><b>Дене шынықтыру-3</b> <b>1.Мақсаты.</b> Допты бір-біріне домалатуды қайталай отырып, (1,5-2 м) Кол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігі мен үйлесімділігі дамиды.</p> <p><b>2. Мақсаты::(БК)</b> Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттады. Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүруді біледі.</p> <p><b>3. Мақсаты:</b> Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыранқы жүгіруді, өз орындарын тауып дұрыс тұра біледі. Жалпы даму жаттығу-ларын және негізгі қимыл –</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Кұстар біздің досымыз» <b>Мақсаты:</b> Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау туралы түсінеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі <b>Мақсаты:</b> Бағалар ертегіні тыңдай отырып, қарлығаштың аламыз дос екенін, дәуіттің адалдығын түсінеді. Бағалар бір-біріне көмек тесуге, қиналған кезде жәрдем беруді біледі.</p>	<p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Қыста құстарға қамқор боламыз <b>Мақсаты:</b> Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады, қамқорлық жасау керектігін біледі.</p>	<p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Торғай» <b>Мақсаты:</b> торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей біледі. Шымшу, басу, тегістеу тәсілдерін меңгереді.</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Андар айтысы <b>Мақсаты:</b> Әннің динамикалық ренкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-</p>

<p>КОЗГАЛЫС ЖАТТЫГУЛАРЫН ДУРЫС ЖАСАЙ АЛАДЫ.</p>				<p>КОЗГАЛЫСЫН КЕЛТИРЕ БИЛЕДИ. <b>Музыка</b> <b>Такырыбы:</b> Аялдар <b>айтымы</b> <b>Максаты:</b> Өзүнүн динамикалык реженин жеткізіп орындаууга, музыкага сөйкөс эр жануулардын кимиле- козгалысын келтире биледе</p>	
<p>IV апта «Ғажайып кыс»</p>	<p><b>Дене шыныктыруу-3</b> <b>1. Максаты.</b> Сапта нык кадаммен жүрүү, белгі бойынша токтап жүрүү және жүгүртүүдү, допты алыска лактыруды биледи <b>Максаты.</b> Допты алыска кеуде тұсынан лактыруды кайталау және шенберден шенберге аттай алады. Кол-аяк кимыл- козгалыс икемдүүлүгү мен үйлөсүмдүүлүгү дамиды.</p>	<p><b>Сөйлөүдү дамыту</b> <b>Такырыбы:</b> «Кар жамылган агаштар» (сурет бойынша энгимелеу) <b>Максаты:</b> Сурет бойынша энгиме курастыра отырып, сөйлөмдөрдүн эртүрлү түрлерин, косымшаларды колдануу дагдыларын менгереде.</p> <p><b>Көркөм әдебиет</b> <b>Такырыбы:</b> Көңилдү кыс <b>Максаты:</b> Кыс мезгил тууралы түсүнө отырып, кыс мезгилдин өзүнө тән ерекшеліктерин ажырата биледи. Өз ойын толық жеткізе билуге, жүйөлү энгиме леуге үйренеді.</p> <p><b>Орыс тили</b> Педагог жоспары бойынша</p>	<p><b>Математика негиздери</b> <b>Такырыбы:</b> Заттардын көңилдикте орналашуу тәуелсіздігі. Геометриялык пішіндер. <b>Максаты:</b> Заттардын көңилдикте орналашууына саннын тәуелсіздігін түсүнө билүдү үйренеді. Көрүү аркылы есте сактау кабилетин дамиды; топта жұмыс істей билуге үйренеді.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Такырыбы:</b> Біздін өлкеге кыс келді <b>Максаты:</b> Кысқы табиғатты бакылап, карапайым өзгерістерді атай биледи. Кысқы табиғат құбылыстары кардын жауғаны аяз туралы түсіндірді, беріл ген сұрактарға жауап бере алады.</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Такырыбы:</b> «Ажала» <b>Максаты:</b> Заттардын пішінін бейнелеу дагдыларын ескере отырып, ажаланын суретін сала алады.</p> <p><b>Жансыруу</b> <b>Такырыбы:</b> «Кысқы көрініс» <b>Максаты:</b> Кағаз бетінде бейнелерді курастыру, одан кейін оларды желімдеу дагдыларын биледи</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Такырыбы.</b> Күстар дауысы <b>Максаты:</b> Күстар тіршілігі туралы мағлұмат биледи. Музыканы тыңдап, жуан- жүйөлү дауыстарды ажырата алады.</p>
		<p><b>3. Максаты:</b> Кішкентай доппен</p>			

«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Бекітемін:

«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасының  
меңгерушісі Ә.Н.Жұмабаева



Келісемін:

Әдіскер: А.Б.Жәміева

# Адаптивтік бағдарлама

«Күншуақ» тобы

## «Бояулар сыры»


(Балалардың қызығушылығына  
арналған оқу қызметі)

Тәрбиешілер: Сағынбай Ж  
Жотина Ғ  
Жұмабаева Г


2021-2022 оқу жылы



Бекітемін  
Аудандық білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет  
меңгерушісі: Б.Ш.Онгаров



Аудандық білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет  
әдіскері: М. Ажимкин



Ұйымдастырылған оқу қызметі «Бәрің білгім келеді»  
Адаптивтік бағдарлама

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Театр әлемі	Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.	1	6.09
2	Театр әлеміне саяхат	Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.	1	13.09.
3	Жақсы сөз жарым ырыс.	Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету	1	20.09
4	Достар ертегісі	Ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.Ертегіні сахналауды үйрету.	1	27.09
5	Баланың айласы	Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру.	1	4.10
6	Екі лақ	Балаларды ертегі арқылы батылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету	1	18.10
7	Қуыршақтар	Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету.	1	25.10
8	Қайдан келдің бауырсақ	Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру		8.11 21.09
9	«Қайырымды қоян». (ертегі)	Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.	1	15.11
10	Аласқан құмырсқа	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру..	1	22.11
11	«Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.	Өлең жолдарын мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып ,түсіндіру. Есте сақтауға үйрету.Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау	1	29.11
12	«Үш аю» ертегісі	Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру.	1	6.12

		Балалардың кесте арқылы қайталап айтуын қадағалау.		13.12
13	Жеті лақ.	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.	1	20.12
14	Екі сараң қонжық	: Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.	1	27.12
15	Онға дейін санай білетін лақ ертегісі.	Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілет терін, диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету.	1	3.01
16	«Қызыл телпек»	Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу.	1	10.01
17	Қоянның үйі	Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	17.01
18	Түлкі мен ешкі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту	1	24.01
19	Мақтаншақ қоян.	Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер	1	7.02
20	«Қолғап» украин халық ертегісі.	Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.	1	14.02
21	«Аяз ата сиқыры» ертегісі	Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.		21.02
22	«Дәрігер Айболит» ертегі.	Балаларды мейірімдікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптан дыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	28.02
23	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	1	7.03

24	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	14.03
25	«Бидай мен қаңбақ» А.Тоқмағанбетов	Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру.	1	21.03
26	«Қайырымды бала» Б.Данабеков	Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру, балалардың бойына рухани адамгершілік қасиет терді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	28.03
27	«Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)	«Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.	1	4.04
28	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	11.04
29	Гүл туралы аңыз. Мнемотехника тәсілімен	Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	1	18.04
30	Қайдан келдің бауырсақ	Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру	1	25.04
31	Тақпақ айта білемін Мнемотехника тәсілі	Балалардың жаттаған тақпақтарын мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру.	1	2.05
32	Еңбек, бәрін жеңбек.	Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал-мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.	1	9.05
33	Біз бақытты баламыз	Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту.	1	16.05
34	Орман дәрігері. Ертегі.	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	23.05

35	«Нан қайдан шығады?»	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу.. Күзгі еңбек түрлерін атау.		
36	Ертегі еліне саяхат.	Айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып менгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.	1	

### **1. Бәрін білгім келеді (В)**

**Тақырыбы:** Театр әлемі

**Мақсаты:** Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Б. Өтетілеуұлы

1. Театр туралы түсінік беру.

Театр дегеніміз не?

Театр түрлерімен таныстыру.

Онда жұмыс жасайтын адамдарды кімдер дейміз?

Олар не істейді?

2. Сурет бойынша әңгіме.

Сұрақ – жауап.

3. Бет перделермен таныстыру.

Олардың қызметі туралы түсіндіру.

Саусақ театрымен таныстыру.

Қолға кигізіп, сөйлеу мәнерін үйрету.

**Сергіту сәті.**

«Театр» ойынымен аяқтау.

Әр түрлі бет перделер киіп қимылдар көрсету.

**Тақырыбы:** Театр әлеміне саяхат

**Мақсаты:** Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Дид. ойын: «Кім тапқыр?»

**Жұмбақ жасыру.**

Орманнан жалпақ даладан

Бал іздеп бір аң жортады

Кіп – кішкентай арадан,

Үлкен болып қорқады. (аю)

Бұлаңдаған құйрығы,

Бір айдарлық қулығы (түлкі)

Көзін жұмады,

Көзін ашады

Сыбысын білдірмей,

Ақырын басады (мысық)

**Сұрақ-жауап**

Бұларды бір сөзбен не дейміз?

Қандай ертегі кейіпкерлері?

**Ертегі туралы түсінік беру.**

Қандай ертегілер білеміз?

Ертегіні не үшін тыңдаймыз, онан не үйренеміз?

Кейіпкерлер дегеніміз не?

2. Ертегі кейіпкерлерін жасау.

Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.

Жасаған кейіпкерлерге сипаттама беру.

**Тақырыбы:** Достар ертегісі

**Мақсаты:**

ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.

Ертегіні сахналауды үйрету.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

«Менің көмекшілерім»

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осында басталған

Мынау басым ақылды,

Барлық істі бастаған.

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым

Барлық істі атқарған.

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Жұмбақ жасыру**

Сұрақ-жауап

Бұлардың бәрі қандай жануарлар?

Қайда өмір сүреді?

1. Үйшік ертегісі туралы түсінік беру.

**Ой қозғау. Мнемокесте әдісі**

Сұрақ-жауап.

Үйшікті не тауап алады?

Оларға тағы нелер келеді?

Аюды олар қалай қабылдайды?

Достық дегеніміз не?

Үйшік қалай құлады?

**Ой дамыту**

2. Бет перде киіп ертегіні сахналау

Ертегі кейіпкерлерінің қимыл қозғалысын дұрыс сомдай білу.

**Қортынды сұрақ-жауап.**

Үйшікті жануарлар қалай құрды?

Достықтың арқасында

Бірлік туралы мақал-мәтелдер.

- Бірлік болмай тірлік болмас.

- Бірлік түбі ынтымақ.

Балаларды мадақтау.

Сөйлеу мәнерін дұрыс келтіруге үйрету.

**Қортынды**

Татулықты сақтайық.

Өлең жолдарын қимылмен көрсету.

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** Қуыршақтар **Мақсаты:** Балалармен өздерінің ойыншық-тары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету.

**Оқу қызметінің барысы:**

**I. Шаттық шеңбері.**

Ренжуді білмейміз.

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан таңға.

**II. Қызығушылықтарын ояту**

**Жұмбақ жасыру**

Бөбектердей бүлдіршін,

Киініп тұр бір мүсін.

Ол қаз басып жүрмейді,

Сөйлемейді, күлмейді. (қуыршақ)

**III. Ой дамыту**

**«Қуыршақ» мнемокесте әдісі.**

Апам маған дүкеннен,

Бір қуыршақ әкелді.

Ерегіспес үлкенмен,

Мазақтамас бөпемді.

Ойнатамын оны мен,

Жылатпаймын түртіп те.

Ең жақсысы менімен

Таласпайды кәмпитке.

**Дидактикалық ойын: «Қуыршақпен туған күн тойлаймыз».**

Ойын шарты: Қуыршақпен туған күн тортын бөліп жеу, жақсы тілектер айтқызу, бір - біріне сыйластық, қайырымдылық дағдыларын қалыптастыру.

**Қортынды**

Сұрақ-жауап

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** Қайдан келдің бауырсақ

**Мақсаты:** Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу.

Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

«Күннің нұры»

Ой қозғау.



**Жұмбақ жасыру:**

Ұзын мұртты сарылар,  
Қойынында дәні бар. (Бидай)  
Бидайдан не жасалады?

**Суретпен жұмыс**

**Ой қозғау.**

Адамдар қандай іс пен айналасып жатыр? трактор қандай жұмыс атқарып жатыр?

Жерді не үшін жырттып, тегістеді?

Егінді немен орамыз балалар.

Кімдер орады.

Бала: Егінші орады

Балаларды мадақтау.

**Ғажайып сәт.**

Қуыршақтың қонаққа келуі.

Амандасу

1. Қуыршаққа көмек

Нан туралы түсінік беру.

Нан неден шығады?

Оған қандай еңбектер жасалады.

2. Қуыршақтың сұрағына жауап.

**Ой дамыту**

Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.



Өлеңде не туралы айтылды?

Бауырсақ қайда жатты?

Қуыршақ не деп сұрады?

Бауырсақ наубайға қайдан келді?

Диірменге ше?

Диқан бидайды қалай өсірді?

Балалардың жауабы. Нан түрлерімен таныстыру: (таба нан, бауырсақ, лапша, шелпек, жайма, тоқаш т.б)

**Сергіту сәті:** Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.

Жерді жыртамыз, егінді себеміз,

Суарамыз, күтіп баптаймыз.

Бидай үлкен болып өседі,

Комбайнмен орамыз,

Машинамен қамбаға тасимыз,

Диірменде үн етіп дайындайды.

Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.

**Дидактикалық ойын:** «Не жасырыңғанын тап.»

Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.

Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып қойылады. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.

**Қорытынды:**

Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен?

Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен?

Бауырсақтың қандай түрлері бар?

Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?

**Тақырыбы:** «Қайырымды қоян». (ертегі)

**Мақсаты.** Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**

Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттері.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілінде қанша ай бар?

– Ай атауларын атаңдар.

– Қазір қай ай?

Балалар, қандай ертегі білесіңдер?

– Сендерге ертегі айтып берген ұнай ма?

– Ендеше мен сендерге «Қайырымды қоян» ертегісін айтып берейін.

– Қайырымды қоян ертегісін оқып, мазмұнын түсіндіремін.

**Ой қозғау.**

**Сұрақтар:**

– Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақыр деді?

– Бала қонаққа кімдерді шақырды?

– Әкесі баласына не үшін ұрысты?

– Бала жылап отырғанда көмекке не келді?

– Қоян қандай қайырымдылық жасады?

– Бізде қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба?

**Дидактикалық ойын:** «Досым-менің мақтанышым».

**Ойынның шарты:** Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.

**Тыныштық сәті:** Көзімізді жұмып, денемізді бос ұстап, терең тыныс аламыз. Көз алдымызға қайырымды қоянды елестетіп көрейік. Қоян балаға қалай көмектесті? Көздерін ашып, қоянның қандай жақсылық жасағанын айтып береді.

**Мақал жаттау:** «Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды».

**Қорытынды**

Балалар, қоянның қайырымды екенін қайдан білдік?

**Тақырыбы:** «Адасқан құмырсқа» ертегісі

**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастыру:**

1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Күз айларын атаңдаршы балалар?

**2 Қызығушылықтарын ояту.**

Жұмбақ жасыру. Кылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен.

(құмырсқа)



3. Ертегіні айтып беру

4. Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.

**Ой қозғау.**

Сұрақтар:

-Ертегі қалай аталады?

-Құмырсқа нелермен дос болыпты?

-Құмырсқаның осы достары жайлы не ойлайсыңдар?

-Құмырсқаға нелер көмектесті?

-Кәрі құмырсқа не айтты?

Суретпен жұмыс.

жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады.

6. Ертегіні сахналау.

7. Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.

**Мақсаты:** Өлең жолдарын мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып, түсіндіру. Есте сақтауға үйрету. Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау **Оқу қызметінің барысы:**

**1. Ұйымдастыру:**

1) Жұмбақ жасыру.

Аяғы бар, жүрмейді,

Аузы бар, күлмейді

Айнымайды бөпемнен,


Тек сөйлеуді білмейді.

-Дұрыс қуыршақ.

- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?

2) Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз.

Өлеңді мәнерлеп оқу.



**Ойыншықтар**

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Ақыл айтсақ, бұйырсақ,

Қуыршақтар ұйықтайды.

Айтқаныңнан шықпайды.

Бұзау, қозы құлыншақ,

«Ұйықта» десең, ұқпайды.

Тыңдамайды ұрысса,

Осылары дұрыс па?

Тентектігін қоймаса,

Тұрғызармын бұрышқа.

**Сұрақ-жауап**

Балалар, өлең сендерге ұнады ма?

Өлеңде не туралы айтылған?

Ойыншықтармен қалай ойнау керек?

Ойыншықтар неден жасалады?

**Сергіту сәті**

Тік ұста бойыңды,

Жоғары соз қолыңды.

Соз қолыңды тағы да,

Жеткіз жираф мойына.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау

**Тақырыбы:** «Үш аю» ертегісі

**Мақсаты:** Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру. Балалардың кесте арқылы қайталап айтуын қадағалау.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ой қозғау.**

Сұрақ қою

-Сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме?

-қандай ертегі білесіңдер?

**Қызығушылықтарын ояту.**

Тосын сәт.

Ертегі ханшайымынан хат. **Хатты оқу**

Балалар сендер көп ертегі біледі екенсіңдер, ондай болса сендер менін жұмбағымның шешімін тауып көріңдер!

1-жұмбақ

-Аюдан каштым

Қояннан каштым

Бұл қай ертегі?

Дұрыс бауырсақ ертегісі

2-жұмбақ

-Лақтарым, шұнақтарым

Есік ашындар.

Бұл қай ертегі?

3-жұмбақ

Ата, әже жыламандар

Мен сендерге басқа жұмыртқа әкеп беремін.

Бұл қай ертегі?

4-жұмбақ

-Кім біздің тамағымызды ішті

-Кім менін орындығыма отырды?

Бұл қай ертегі?

Балалардың жауаптары.

Мадақтау.

**Сергіту сәті:**

Ормандағы аюдың,

Құлтынайы көп екен.

Теріп –теріп алайық,

Қалтамызға салайық

Жарайсындар.

ертегі ханшайымның жұмбағынның жауабын таптық. Балалар хаттың ішінде тағы не бар екен ?

**Мнемотехника**



Сұрақ жауап.

Үш аю ертегісін мнемокесте арқылы түсіндіру.

Балалардың кестені пайдалана білуін қадағалау.

**Қорытынды.**

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы: Жеті лақ.**

**Мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** АКТ,

мнемокесте, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

Ой дамыту суретті көрсетіп:

- Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ».

- Балалар қасқыр туралы не білесің дер?


- Қандай жануар? - Ешкі, лақ қандай жануар? -

Лақ туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер.

2.- Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін.

Ертегіні оқып беру.

3. Ертегіні мнемокесте бойынша түсіндіру.



- Сергіту сәті.

Кәне біздің қолымыз

Оңымыз бен солымыз

Міне оң қол алақай.

Міне сол қол балақай.

4. Дид. ойын: «Қай ертегі?»

Мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту

.Шарты: мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.

Қорытындылау.

Балаларға смайлктер беру арқылы мадақтау.

**Тақырыбы: Екі сараң қонжық**

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.

**Оқу қызметінің барысы:**

1. Ұйымдастыру:

1. Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»

Мақсаты: Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.

- Балалар сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? Қандай ертегі білесіңдер? Олай болса бүгін біз ертегі еліне саяхат жасаймыз. Бірақ ол алыста зой, қалай ойлайсыңдар ол жаққа қалай тез жетуге болады?

Балалардың жауаптары.

- **Ертегі еліне жету үшін мына сиқырлы таяқшаны қолдану.**

Кәне, сыйқырлы таяқша бізді ертегі еліне тез жеткіз! - Көзімізді ашамыз, қараңдар біз ертегі еліне келдік

Балалар, қараңдаршы мұнда не жатқанын? - Бұл сандықша зой! Ішінде не бар екенін көреміз бе?

- Қане бәріміз жайғасып отырайық. (сандықшаның ішінде ертегілер желісі бойынша жасалған мнемокестелер Бауырсақ, Үйшік, Қоянның үйшігі).

- Бауырсақ неше аңды кездестіреді? (төртеу)

- Үйшікте неше аң тұрады? (төртеу)

балаларды мадақтау

**Мнемотехника әдісі.**

.( Екі сараң қонжық ертегісінің мнемокестесі.)

Ертегіні мнемокесте арқылы айтып беру.

**Ой қозғау.**

**Ертегіні талдау:**

- Осы ертегідегі басты кейіпкерлерді атаңдаршы?

- Қонжықтар қандай? Олар туралы қалай айтуға болады? (кішкентай, сабалақ, үлтілдек, қоңыр, көңілді, күлкілі, маймақ).

- Ертегіде тағы қандай кейіпкер бар? (түлкі)

- Түлкі қандай? (айлакер, қу.)

- Неге ол қонжықтарға көмектесті? (алдап ірімшіктерін жеу үшін).

- Қалайша түлкі қонжықтарды алдап кетті? (өйткені қонжықтар сараң, бір - біріне сенбеді,

**Тақырыбы:** «Қызыл телпек»

**Мақсаты:** Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тышқан, бақа, түлкі, қоян, аю суреттері және үйшік, кейіпкерлер бетпердесі..

1. Ұйымдастыру.


Кіріспе әңгіме.

-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

Балалардың жауабы.

2. Бүгін біз «Қызыл телпек» ертегісімен танысамыз.

3. Ертегіні мнемокесте арқылы т үсіндіру.



5. Балалардың өздеріне әңгімелету. (өз түсінігі бойынша)

6. Сұрақ-жауап.

-Қызыл телпек жолда немен кездесті?

-Қызыл телпек пен қасқыр қайда барды?

-Ертегі кейіпкерлерін атап өтіңдер?

7. Ертегіні рольдерге бөліп, сахналату.

8. Дид. ойын: «Қай ертегі кейіпкері?»



Қорытынды жасау.

**Тақырыбы:** Қоянның үйі **Мақсаты:** Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Қоянның үйшігі» кейіпкерлерінің бетперделері.

1. Ұйымдастыру.

Шаттық шеңбер: Қуан, шаттаң, алақай,  
қуанатын кун келді.

Қайырлы таң, қайырлы кун!

Күліп шықты кун бүгін!

2. Акт. Ертегі кітап

Сиқырлы кітап өте әдемі екен. Ашып қарайық. Сиқырлы кітап сендерден сұрайды; Мына ертегілердің атын білесіңдер ме?

Ертегілердің суреттерін көрсету.

3. «Ойлан тап» ойыны

Орнымыздан тұрып ап  
Жүгірейік бір уақ,  
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

### Ой қозғау

Ертегіні сахналау.

**Қорытындылау.** Сұрақтар қою.

Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?

Сонымен ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен?

Ертегі сендерге ұнады ма?

**Тақырыбы:** Мақтаншақ қоян.

**Мақсаты:** Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету.

Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.

Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ,

ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер.

### Ширату әдісі

1. Жұмбақ жасыру:

Қалқиып ұзын құлағы

Елеңдеп қорқып тұрады (қоян)

2. Қоян туралы жалпы түсінік беру.

3. - «**Мақтаншақ қоян**». ертегісі



- Балалар қоян туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Қоян қай ертегілерде кездеседі?

4. - Ертегіні оқып беру.

5. Ертегіні слайд бойынша түсіндіру.

- Сергіту сәті.

6. Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.

Рольдерге бөліп, сахналату.

7. Дид. ойын: «Қай ертегі?»

Мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.

Қорытындылау.

**Тақырыбы:** «Қолғап» украин халық ертегісі.

**Мақсаты.** Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.

Көрнекілік: Қолғап, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері.

1. Жұмбақ жасыру:

Бес балаға бір бешпент,

Бірге киіп, бірге шешпек. (Қолғап)


- Балалар, қолғап бізге не үшін керек?

- Қолғап нешеу болады?

- Қолғап қандай болады?



## 2. «Қолғап» ертегісі



Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.

- Сұрақ—жауап:

-Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

-Балалар, ертегі не жайында айтылған?

-Иә, ертегі кейіпкерлері бір-бірімен таласпай, бірін-бірі итермей бәрі сол бір қолғаптың ішіне сыйыпты.

Көрдiңдер ме?

Біз де осылай дос болуымыз керек. Біздің топта қанша бала болса, сонша біздің досымыз көп екен.

### 3. Сергіту сәті

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім, екеуін,

Болады екен он саусақ.

### 4. Дидактикалық ойын:

«Сыңарын тап» Мақсаты: сыңарын дұрыс табуға үйрету.

Ойын шарты: Қолғаптың саңарын тап» тапсырмасын орындайды.

### 5.Ертегіні сахналату. Көмектесу.

### 6.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау

## Тақырыбы: «Аяз ата сиқыры» ертегісі

**Мақсаты:** Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту.

### Оқу қызметінің барысы:

#### 1.Ұйымдастыру:

##### 1 (Ғажайып сәт)

балалр бізге бүгiң қонаққа қыс ханшайымы келдi.

Бүгiн сендермен өте қызықты уақыт өткiзгiм келедi. Мен бүгiн қыс мезгiлiнiң ерекшелiктерiмен ,және «Екi аяз» ертегiсiмен таныстырамын.



#### 2. Ертегіні талдау

-Балалар ертегі не туралы екен? –

Олар жолдарында кім кездеседі ? Олар не істемек болады?

Жарйсыңдар балалар, ертегіні жақсы түсініпсіңдер!

3. Сергіту сәті.

Қар ұшады. /балалар қолдарын созып ұшқан болады/

Қар айналады. /балалар бір орында тұрып айналады/

Қар жерге қонады/балалар жерге отырады/

Қар ұйықтайды/балалар көздерін жұмады/4.Ертегіні сахналау.

5.Қорытындылау.

Балалар бізге қонаққа кім келді? Қандай ертегіні айтып берді?

**Тақырыбы:** «Дәрігер Айболит » ертегі. **Мақсаты:** Балаларды мейірімдікке, өзге адамдарға, жануарлар

ға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптан дыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері.

«Ертегілер» әні.

- Бүгін біз Корней Иванович Чуковскийдің «Дәрігер Айболит» ертегісімен танысамыз.

Ертегіні мәнерлеп оқып беру және оның мазмұнын ашу.

Ертегіні өз түсінігі бойынша әңгімелету.

Сергіту сәті

Сұрақ-жауап.

- Сендерге ертегі ұнады ма?

- Ертегіде қандай кейіпкерлерді кездестірдік?

- Қандай құстарды көрдіңдер?

Ертегіні сахналату.

Қорытынды жасау.

**Тақырыбы:** «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі

**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

Ұйымдастыру:

1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Қыс айларын атаңдаршы балалар?

2. Д/о «Кім жылдам»

Шарты: Музыка әуені ойналады, әуен тоқтаған кезде білетін ертегілерінің атын айту керек.

**Қызғушылықтарын ояту.**

Тосын сәт.

Сәуле құршақ ертегі кітап алып келеді.

1. «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі

Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.

Ертегі қалай аталады?

Ертегінің басы қалай басталады?

Ертегі қалай аяқталады?

Жыл басы қай жануар болды?

Түйе неге жыл басы бола алмады?

5. .Ертегіні сахналау.

7.Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

Қаңбақ далада өсетін домалақ пішінді шөптекті өсімдік. Жер үстіндегі бөлігі (жемісі) піскеннен кейін, жер астындағы тамырынан бөлініп желдің соғу бағытымен ұшып кетеді. Тұқымы жел арқылы алыс жерлерге таралды.

3.Ертегіні айтып беру.

4.Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.

Ой қозғау.

- Құмырсқаның достары қандай екен?

- Құмырсқаға нелер көмектесті?

- Ара, қоңыздың істегені дұрыс па?

- Достар қандай болу керек?

Сұрақтарға жауап береді, өз ойларымен бөліседі

5. Сергіту сәті

Күнде аспанға қараймыз,  
Қайтқан құсты санаймыз.  
Үшбұрыш боп тырналар,  
Көк жүзінде сырғанар.

6.Ертегіні сахналау.

7.Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** «Қайырымды бала»

Б.Данабеков

**Мақсаты:** Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру, балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу. Қайырымды болуға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру:

Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.

2. Балалар «қамқорлық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Сендер кімге қамқорлық жасай аласыңдар?

3. «Қайырымды бала»

Б.Данабеков

4. Сұрақ-жауап арқылы әңгімесін мазмұнын ашу.

- Әңгіме не туралы?

- Нодардың қайырымды бала екенін қай әрекетінен байқадың?

- Нодар екінші қайық сатып алуды әкесінен неліктен «ақырын ғана» сұрады?

- Әкесі Нодардың бұл қылығына қалай қарады?

5. Сергіту сәті.

Секіреміз топ-топ,

Шапалақтап көп-көп.

Иілеміз оңға қарай бір, екі, үш,

Иілеміз солға қарай бір, екі, үш.

6. Суретпен жұмыс

Дидактикалық ойын.

Дидактикалық ойын «Кімнің іс-әрекеті саған ұнады?»

7. Қорытындылау.

Сұрақ жауапа арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау

**Тақырыбы:** «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)

**Мақсаты:** «Арыстан мен тышқан» ертегі-сінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл бай-лықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабі-леттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Шаттың шеңбері.

Ертегі еліне саяхат.

«Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісі

. Ертегіні оқып беру.

**Ой қозау.**

**Сұрақ-жауап.**

- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

- Арыстан қайда жүреді?

- Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде?

- Арыстан мен тышқан туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Қорытынды.

Балаларға әртүрлі қимылдар жасату:

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,

Беті-қолын жуады.

Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату.

**Тақырыбы:** «Қияр мен капуста» ертегісі

**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

1. Ұйымдастыру:

1. Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»

Мақсаты: Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.

2. Жұмбақ жасыру:

Қабат – қабат тоны бар,

Аласа гана бойы бар (қырыққабат)

3. Сұрақ жауап

Қияр ,орамжапырақ көкөніс пе,жеміспе?

4.Балаларға қияр мен орамжапырақ туралы ертегі айтып беру.

**Ертегімен таныстыру**

5.Ертегіні талдау:

-Ертегі не туралы?

-Қияр не істеді?

-Қиярдың іс – әрекеті дұрыс па?

-Неге ол досы қырыққабатқа көмектеспеді?

-Қиярдың бүрі неден қалған екен?

6. **Тыныс алу жаттығуы.**

Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай

Уф-ф-ф

Үрлеймін деп қатты

Жарып алдым шарды.

Ертегіні сахналау.

7.Қорытындылау.

«Егер де мен....» ойыныны арқылы аяқтау.

-Сендер өздеріңді қиярмын деп елестетіңдер,

-Сендер қиярдың орнында болғанда не істеуші едіңдер?

**Тақырыбы: Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен**

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

**Әдіс-тәсілі:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап

**Көрнекі құралдар:** АКТ, гүлдің суреттері

**Шаттық шеңбері**

Кел балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады!

Күліп өмір сүрейік!

Балалар сендер гүлдер әлеміне саяхат жасағыларың келеме?

**Психологиялық жаттығу**

Ендеше, жеңіл әуеннің ырғағымен көзімізді жұмып,көктем мезгіліне, гүлдер әлеміне саяхат жасаймыз. Айналамыз барлығы жап-жасыл шөптер, қызыл, сары әдемі гүлдер. Барлығымыз гүлдердің жұпар иісін иіскейікші. Қандай тамаша! (Слайд арқылы көрсету.)

**Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен.**

Балалар ертегіні зейін қойып тыңдап, мнемокесте арқылы айтып береді

**Ертегіні сахналау**

Ертегі желісін түсінген-дері арқылы сомдай білу.

**Балалардың гүлге тілектері:**

-Гүл , сен әдемісің

-Гүліміз жайқала берсін

-Гүлдерді баптап өсірейік

-Гүл бізге әсемдік сыйлайды т.б

ҰОҚ қорытынды.Сұрақ – жауап.

Балаларды мадақтау.

**Мнемотехника тәсілімен.**

**Тақырыбы:** Қайдан келдің бауырсақ  
**Мақсаты:** Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау.

Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру

**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын

**Көрнекі құралдар:** АКТ, суреттер, баурсақ

**Психологиялық сәт:** «Жүрек жылуы»

**Мақсаты:** Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.

**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді

**Ө.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?» мнемотехника тәсілімен**

**Топқа бөліну**

1 – топ «Бауырсақ» тобы

2- топ «Тоқаш» тобы

3- топ «Торт» тобы

Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.

**Сергіту сәті:**

Нан қиқымын шашпаңдар

Жерде жатса баспаңдар

Теріп алып қастерлеп

Торғайларға тастаңдар

**Ойын:** «Қайдан келдің бауырсақ?»

**Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, ретімен орналастыруға үйрету.

**Шарты:** Бауырсақ қайдан келгені туралы барлық суреттерді шығарып, бауырсақты домалату арқылы ойынды ойнату.

**Сұрақ- жауап:**

Қандай өлеңді тыңдадыңдар?

Бауырсақты қалай жасаймыз?

ҰОҚ қорытындылау. Балаларды мадақтау

**Тақырыбы:** Тақпақ айта білемін

**Мнемотехника тәсілі Мақсаты:** Мнемотехника тәсілімен.

Балалардың жаттаған тақпақтарын және мезгіл туралы суретке әңгіме құрауды мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру.

ҰОҚ өтілу барысы.

**I. Шаттық шеңбері.**

**"Бала, бала, баламыз"**

**Е. Өтетілеуұлы.**

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамызда қаламыз!

Ғажайып сәт.

Дымбілместің келуі.

Балалардың таңырқауы

Педагог

Сұрақ-жауап.

Сен кімсің, амандаспадың да. Амандасу.

Мені бәрі Дымбілмес диді.

Маған осы ат ұнамайды.

Маған бірдеңе үйретіңдерші.

Балалардың Дымбілмеске көмегі

**II. Ой дамыту**

**Топқа бөлу**

Геометриялық пішіндермен.

Сұрақ – жауап.

Бұларды бір сөзбен не деп атаймыз. пішіндер

Қияр, орамжапырақ көкөніс пе, жеміс пе?

4. Балаларға қияр мен орамжапырақ туралы ертегі айтып беру.

**Ертегімен таныстыру**

5. Ертегіні талдау:

-Ертегі не туралы?

-Қияр не істеді?

-Қиярдың іс – әрекеті дұрыс па?

-Неге ол досы қырыққабатқа көмектеспеді?

-Қиярдың бүрі неден қалған екен?

6. Тыныс алу жаттығуы.

Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай

Уф-ф-ф

Үрлеймін деп қатты

Жарып алдым шарды.

Ертегіні сахналау.

7. Қорытындылау.

«Егер де мен....» ойыныны арқылы аяқтау.

-Сендер өздеріңді қиярмын деп елестетіңдер.

-Сендер қиярдың орнында болғанда не істеуші едіңдер?

**Тақырыбы:** Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

**Әдіс-тәсілі:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап

**Көрнекі құралдар:** АКТ, гүлдің суреттері

**Шаттық шеңбері**

Кел балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады!

Күліп өмір сүрейік!

Балалар сендер гүлдер әлеміне саяхат жасағыларың келеме?

**Психологиялық жаттығу**

Ендеше, жеңіл әуеннің ырғағымен көзімізді жұмып, көктем мезгіліне, гүлдер әлеміне саяхат жасаймыз. Айналамыз барлығы жап-жасыл шөптер, қызыл, сары әдемі гүлдер. Барлығымыз гүлдердің жұпар иісін иіскейікші. Қандай тамаша! (Слайд арқылы көрсету.)

**Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен.**

Балалар ертегіні зейін қойып тыңдап, мнемокесте арқылы айтып береді

**Ертегіні сахналау**

Ертегі желісін түсінген-дері арқылы сомдай білу.

**Балалардың гүлге тілектері:**

-Гүл, сен әдемісің

-Гүліміз жайқала берсін

-Гүлдерді баптап өсірейік

-Гүл бізге әсемдік сыйлайды т.б

ҰОҚ қорытынды. Сұрақ – жауап.

Балаларды мадақтау.

**Мнемотехника тәсілімен.**

1-топ. үшбұрыш  
«Нан қиқымын шашпаңдар»  
Ө. Тұрманжанов

2-топ.. Төртбұрыш  
Көктем мезгілін мнемокесте арқылы әңгімелеу.  
3-топ. Дөңгелек  
«Ойыншықтар»  
Н. Әлімқұлов

4-топ. Сопақша  
Құстар туралы мнемокестемен әңгіме

Көңілді шеңбер.  
Балаларды шеңберге жинау.  
Дымбілмеске сұрақ қою.  
Дымбілмес қуанып баларға риза болу.  
Қоштасу.  
Қортынды  
Балаларды мадақта

**Тақырыбы:** Еңбек , бәрін жеңбек. **Мақсаты:** Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету.  
Мақал- мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.

**I. Психологиялық сәт: «Жүректен жүрекке»**

**Мақсаты:** Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.

**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді

**II. Ой дамыту.**

**Топқа бөлініп, мақал-мәтелдер жаттаймыз**

1 – топ. «Бірлік» тобы

2- топ «Татулық» тобы

3- топ «Достық» тобы

**Мақал-мәтелдер мнемотехника тәсілімен**

**Сергіту сәті:**

Бала, бала, балақан

Қане қайсы алақан?

Саусақтарың әйбат

Былай, былай ойнат

Топ-топ, топ-топ басайық

Жалаудан гүл жасайық

Жаса, жаса жарқын күн

Жаса, Жаса алтын Күн!

**III. Ой қозғау.**

**Ойын: «Үлкенге көмек»**

**Мақсаты:** Балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру.

**IV. Миға шабул.**

Бүгін біз не туралы әңгімеледік?

Бауырсақты қалай жасаймыз?

**ҰОҚ қорытындылау.** Балаларды мадақтау.

Еңбекті сүй, құрметте.

Керек болар еңбекте

Еңбек етсең емерсің

Жақын болшы еңбекке



**Тақырыбы:** Біз бақытты баламыз

**Мақсаты:** Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту.

**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**

**Шаттық шеңбері. Н. Айтөв. «Тату – тәтті тұрамыз»**

Бір шаңырақ астында,

Тату – тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз.

**II. Қызығушылықты ояту.**

Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап

Саяхатқа немен шыққан ұнайды?

Автобус пен поездың айырмашылығы неде?

Автобуспен саяхатты таңдау

1. «Достық аялдамасы» - Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?

- Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?

- Біз білетін достық ережесі қандай

еді?

- жолдастарыңа көмектес.

- қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.

2. «Отбасы аялдамасы»

- Балалар отбасы деген не?

- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/

- Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.

**Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.**

**Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»**

1-бала: Айтшы білсең егер де,

Бақыт деген не?

2-бала: Бақыт деген, шырағым

Мынау әсем тұрағың.

Ну ормандар, гүл бағы,

Күннің күліп тұрғаны

БАҚЫТ- дәні далаңның.

«Ботам» деуі әжеңнің,

Тыныштығы әлемнің.

3-бала: Қайда бақыт мекені,

Қалай оған жетеді?

4- бала: Адал еңбек етесің

Сонда ғана жетесің.

Сезім: Көрінбейтін көзіңе,

Сонда оның өзі не?

5- бала: Бақыт деген, сөзім шын

Айналайын, өзіңсің!

3. «Бақыт аялдамасы»

Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалар бақыт деген не екенін өз сөздерімен айтып берсін.

**Қортынды**

Аспан тұрса күлімдеп,

Ақса бұлақ гүрілдеп,

Болса Отаны аман-сау.

зетін  
қылды,

1-топ. Үшбұрыш  
«Нан қиқымын шашпаңдар»  
Ө. Тұрманжанов

2-топ. Төртбұрыш  
Көктем мезгілін мнемокесте арқылы әңгімелеу.  
3-топ. Дөңгелек  
«Ойыншықтар»  
Н. Әлімқұлов

4-топ. Сопақша  
Құстар туралы мнемокестемен әңгіме

Көңілді шеңбер.  
Балаларды шеңберге жинау.  
Дымбилмеске сұрақ қою.  
Дымбилмес қуанып баларға риза болу.  
Қоштасу.  
Қортынды  
Балаларды мадақта

**Тақырыбы:** Еңбек, бәрін жеңбек. **Мақсаты:** Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету.  
Мақал-мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.

**I. Психологиялық сәт: «Жүректен жүрекке»**

**Мақсаты:** Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.

**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді

**II. Ой дамыту.**

**Топқа бөлініп, мақал-мәтелдер жаттаймыз**

1 – топ. «Бірлік» тобы

2- топ «Татулық» тобы

3- топ «Достық» тобы

**Мақал-мәтелдер мнемотехника тәсілімен**

**Сергіту сәті:**

Бала, бала, балақан

Қане қайсы алақан?

Саусақтарың әйбат

Былай, былай ойнат

Топ-топ, топ-топ басайық

Жалаудан гүл жасайық

Жаса, жаса жарқын күн

Жаса, Жаса алтын Күн!

**III. Ой қозғау.**

**Ойын: «Үлкенге көмек»**

**Мақсаты:** Балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру.

**IV. Миға шабул.**

Бүгін біз не туралы әңгімеледік?

Бауырсақты қалай жасаймыз?

**ҰОҚ қорытындылау.** Балаларды мадақтау.

Еңбекті сүй, құрметте.

Керек болар еңбекте

Еңбек етсең емерсің

Жақын болшы еңбекке

**Балаларға сол бақыт.**

Балаларды мадақтау

**Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі.

**Мақсаты:** Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

### **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**

#### **I.Шаттық шеңбері.**

«Кел,балалар күлейік»

**Ө.Тұрманжанов.**

Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!

Қабак түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!

#### **II.Қызығушылықты ояту.**

**Жұмбақ жасыру.**

Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.

Көрік берген далама, Білер оны бар бала.

(Ағаштар)

**Сұрақ – жауап.**

#### **1. Ой қозғау.**

Ағаштар және орман туралы түсінік беру.

- Сұрақ – жауап.

-Қазір қандай мезгіл?

-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?

-Ағаштар бізге не үшін қажет?

-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?

-Неге ну орман дейміз?

#### **2. Ой дамыту.**

-Ертегіні мәнерлеп оқу.

-Ертегі желісін түсіндіру.

-Терек қандай ағаш?

-Неліктен ауырды?

-Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді?

-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.

#### **Сөздік жұмыс:**

Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.

Сергіту сәті.

«Қазым, қазым қаңқылда»

#### **3. Миға шабуыл.**

-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.

Қортынды

#### **Викториналық сұрақтар:**

Басында тарағы бар, бірақ шашыңды тарай алмайсың. (Әтеш)

Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)

Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)

Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)

Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)

Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)

Құстың негізгі мекені? (Ұя)

Балаларды мадақтау.

**Тақырыбы:** Ертегі: «Нан қайдан шығады?»

**Мақсаты:** Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан қайдан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру.

**ҰОҚ өтілу барысы**

**I. Шаттық шеңбері.**

«Балалы үй-базар»

Н.Әлімқұлов.

Біздің үйден ән тарап,

Дұмандатар өмірді.

Біздің үйде салтанат,

Біздің үйде көңілді.

**1. Ой Дамыту**

**Нан туралы түсінік беру.**

Берілген түсінік арқылы сұрақ – жауап.

- Нан қайдан шығады?

- Біз оны қайдан аламыз?

- Нан туралы қандай өлеңдер білесіңдер?

**2. Ой қозғау.**

**Мнемотехника әдісімен.**

Ертегіні мәнерлеп оқу.

- Ертегі желісінен сұрақ-тар қою.

- Тышқан қайда келді.

- Ол дүкенге келіп не істеді?

- Күзетші келгенде не істеді?

- Ол не деп ойлады?

- Наннан не деп сұрады?

- Сосын қайда барды?

- Сатушы не деді?

- Наубайшы не деді?

- Диірменші не деп жауап берді?

- Комбайыншы не деді?

- Тышқан бұл сұрақтарға не деп жауап берді?

- Ол қайда кетіп қалды?

- Күзгі еңбек түрлерімен байланыстыру арқылы ертегіні қортындылау.

**3. Дамытушылық жұмыс**

Нан туралы мақал – мәтелдер.

- Дастарханында наны жоқтың

Тамагының сәні жоқ

- Нан болса, ән де болады.

- Тістем нанның қадірін,

Тарыққанда білерсің.

**Қортынды.**

**Ө. Тұрманжанов**

«Нан қиқымын шашпаңдар»

Балаларды мадақтау.

## **Балаларға сол бақыт.**

Балаларды мадақтау

**Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі.

**Мақсаты:** Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

### **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**

#### **I.Шаттық шеңбері.**

«Кел,балалар күлейік»

#### **Ө.Тұрманжанов.**

Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!

#### **II.Қызығушылықты ояту.**

##### **Жұмбақ жасыру.**

Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.

Көрік берген далама, Білер оны бар бала.

(Ағаштар)

Сұрақ – жауап.

##### **1. Ой қозғау.**

Ағаштар және орман туралы түсінік беру.

- Сұрақ – жауап.

-Қазір қандай мезгіл?

-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?

-Ағаштар бізге не үшін қажет?

-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?

-Неге ну орман дейміз?

##### **2. Ой дамыту.**

-Ертегіні мәнерлеп оқу.

-Ертегі желісін түсіндіру.

-Терек қандай ағаш?

-Неліктен ауырды?

-Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді?

-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.

##### **Сөздік жұмыс:**

Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.

Сергіту сәті.

«Қазым, қазым қаңқылда»

##### **3. Миға шабуыл.**

-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.

Қортынды

##### **Викториналық сұрақтар:**

Басында тарағы бар, бірақ шашыңды тарай алмайсың. (Әтеш)

Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)

Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)

Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)

Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)

Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)

Құстың негізгі мекені? (Ұя)

Балаларды мадақтау.

Бекітемін: *мүлсі*  
«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасының  
меңгерушісі Ә.Н.Жұмабаева

Келісемін: *А.Б.Жәмиева*  
Әдіскер: А.Б.Жәмиева

## *Адаптивтік бағдарлама*

*«Күншуақ» тобы*


### *«Бәрін білгім келеді»*

*(Мнемотехника тәсілі бойынша балалардың қызығушылығына  
арналған вариативтік компонент)*

Тәрбиешілер: Сағынбай Ж.  
Жотина Ғ.  
Жұмабаева Г

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін  
Аудандық білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет  
менгерушісі: Б.Ш.Оңғаров



Аудандық білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет  
әдіскері: М. Ажимкин



## «Бәрін білгім келеді» вариативтік компонент.

### Түсініктеме

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты «ТОБЫ» ортаңғы тобына «Қатынас» саласы бойынша «МНЕМОТЕХНИКА» тәсілімен «Бәрін білгім келеді» тақырыбында адаптивтік бағдарлама алынды. Бағдарлама аптасына 1 рет жүргізіледі. 36 сағат берілген. Ондағы басты мақсат тіл дамыту, көркем әдебиет ұоқ ары қарай дамыту, байланыстырып оқыту мақсатында негізделді. Балалардың тіл дамыту мен көркем әдебиеттен алған білімдерін осы бағдарламада жалғастырып, ертегілердің, тақпақтардың, әңгімелердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Сондай-ақ балалардың көз қарасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

**Мақсаты:**Сахналық қойылымдар, тәрбиелік мәнді әңгімелер, тақпақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту

#### Міндеттері:

- 1.Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 3-4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
- 2.Дауыс ырғағы арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
- 3.Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
- 4.Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

5.3-4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

#### Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым,ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Аймағанбетова Қ. « Мен және бәрі,бәрі,бәрі» , «Аруна» баспаса 2014 ж .
- 2.«Бала мен балабақша» Алматы. Педагогикалық журнал №7.2018ж
- 3.Елубаев.А.Е. «Балаларға базарлық» Алматыкітап 2011ж
- 4.Кежек Ысқақ «Сырымды айтам деп, шынымды айттым...» Алматы баспасы
- 5.Назарбаева.С.А. «Өзін - өзі тану»
- 6.Орынбаева.Ә.Т. «Сүйікті сиқырлы ертегілер»
- 7.Өтетілеуұлы Ермек «Әдептілік әдемілік»
- 8.«Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет» пәндерінде шағын орталық топтарына арналған дидактикалық материалдар.



«Бояулар сыры» вариативтік бөлім.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	Күзгі кілем	Балаларға күз мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың үрлеу, бастыру техникасымен күзгі жапырақтарды бейнелеуді үйрету.	8.09
2	«Бұлттар - ақ қанатты аттар»	Балаларды сурет салудың жаңа техникасымен таныстыру. - балаларды көбік резеңке тампонмен сурет салуға машықтандыру; - композиция сезімін, шығармашылық қиялын дамыту;	15.09
3	Тарелкедегі жидектер	балаларды дәстүрлі емес саусақ суретімен таныстыруды жалғастыру; өнімділікті бекітіңіз, суретті парактың барлығында орналастыру қабілетін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту; топта жағымды ахуал тудыру;	22.09
4	Жемістер натюрморты	балаларға «натюрморт» ұғымын түсіндіру, көкөністер мен жемістер тобын бейнелеуге, олардың пішіні мен түсін жеткізе білуге және суретте дұрыс орналастыруға үйрету. «натюрморт» ұғымымен, шебер суретшілердің шығармаларымен таныстыру, натюрморт пен заттардың қарапайым бейнесі арасындағы айырмашылықты ашу;	29.09
5	Жеміс – жидектер.	Балалардың жеміс - жидектер туралы білімдерін арттыру. Олардың алуан түрлілігі туралы ұғымдарын дамыту.	6.10
6	Көбелектің суретін саламыз	Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояу түстерінің мәнін түсіндіру. Көбелектің бейнесін қағазға монотопия әдісімен түсіруді үйрету. Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға және ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.	13.10
7	Күзгі өнімді жинауға арналған себет	Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	20.10
8	Жемістер	Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және сопақ пішіндерді қағаздан қиып үйрену. Дұрыс желімдеуге дағдыландыру. Балаларды қайшымен жұмыс жасауға дағдыландыру.	27.10

9	Жол белгілері	Қажетсіз материалдармен жұмыс жасау.	3.11
10	Күзгі жапырақ	Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау.	17.11
11	«Күзгі саңырауқұлақтар»	Жапырақтар арқылы саңырауқұлақ бейнесін жапсыру.	24.11
12	Саусақтар – тату отбасы.	Сурет арқылы саусақтарынан отбасының тату бейнесінің суретін салуды үйрету, шығармашылық қиялды, бастаманы дамыту.	1.12
13	Дастархандағы бауырсақ	(Дәстүрден тыс) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету.	8.12
14	Құс	Алақанмен құстың қанатын салу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	15.12
15	Балық (ұжымдық жұмыс)	Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Алақанмен жұмыс жасай білуге үйрету.	22.12
16	От шашу (балауызбен)	Балаларға балауызбен сурет салуға үйрету. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Ойлау қабілеттерін дамыту.	29.12
17	Байтерек	Байтерек туралы түсінік беру. Мақта таяқшасымен бояуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	5.01
18	Ара	Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	12.01
19	Шырша	Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлық пен әсемдікке тәрбиелеу	19.01
20	Қой	Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	26.01
21	Балапан	Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету	2.02
22	Қар кесегі	Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып, оны бояумен бояуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	9.02
23	Қысқы ағаштар келбеті	Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру	16.02

та отырып,  
етін, бай

24	Қардағы іздер	Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру.	23.02
25	Қар жамылған бұтақ	Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту. Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету.	2, 03
26	Суық торғай	Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу.	9.03
27	Қошақандарға шөп береміз	Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілдерін түсіндіре отырып, жасыл түсті пайдалану арқылы шөптердің суретін салуға үйрету.	16.03
28	Жапалақтап қар жауды	Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.	23.03
29	Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс)	Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту. Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету. Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.	30.03
30	Көңілді сайқымазақ	Түстерді ажырата білуге, саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	6.04
31	Гүл	Балалардың кол маторикасы дамыту. мақталы дискамен сурет салуды үйрету. Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.	13.04
32	Ыдыстағы гүл	Алақанның таңбасын салуды үйрету және белгілі бір образға дейін сурет салу.	20.04
33	Күннің көзі	Сары түсті қағазды «Түйіршіктеу» әдісі арқылы жасау.	27.04
34	Машинаның дөңгелектері	Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуға үйрету.	4.05
35	Алма	Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету. Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	11.05
36	«Көктемгі ағаштар»	Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салу.	18.05

## **1-сабақ**

**Тақырыбы:** Күзгі кілем

**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың үрлеу, бастыру техникасымен күзгі жапырақтарды бейнелеуді үйрету.

**Ресурстар:** күздік суреті, жапырақтар; ағаштар бұтақтары, түтікше, гуашь, қағаз

**Әдіс-тәсілі:** АКТ, ойын; ой қозғау, түсіндіру, әңгімелесу, өлеңдер оқу, жұмбақ жасыру; слайд көрсету, тақпақ оқу,

**Сөздік жұмыс:** сыбдырлап, атырап, бояйды.

**Ұйымдастыру кезеңі**

**1.Шаттық шеңбері:**

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз!

Сұрақ-жауап

**3.Миға шабул**

1.Жұмбақ жасыру.

Жапырақты бояды,

Атырапты бояды.

Бояп-бояп барлығын

Сап-сары зып қояды. (Күз)

Ағайынды бәрі

Шықса жасыл,

Түссе сары (жапырақ)

Сұрақ жауап.

-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

-Құстар қай жаққа ұшып кетеді? **Тосын сәт.** Күз ханшайымы келеді.

Балалармен амандасады.

Балалар сендер күзгі қаланы аралап көрдіңдер ме ?

Күзде өте әдемі емес пе. Мейірімді сиқыршы айналаның бәрін ашық түстермен бояғандай.

Бүгін мен сіздерді сиқыршы болуға және күздің сиқырлы суретін салуға шақырамын.

Неге сиқыр? Бірақ біз сурет салуды әдеттен тыс - баспа әдісімен жүргізетін болғандықтан.

Бұл не?

Бұл кез-келген формада, жапырақтан қағазға басып шығару.

Біз мұны қалай жасаймыз?

**Алдын ала жұмыс:** табиғатта жапырақтардың түсуін қадағалап, сурет салу мен қолөнерге ағаш жапырақтарын жинау; сумен және түтікшелермен тәжірибе жасау; суретшілердің суреттерінің репродукцияларын, күзгі пейзаждың иллюстрацияларын сараптау; көркем шығармаларды оқу (күз тақырыбы), өз бетінше бейнелеу қызметі.

**Жұмыс барысы:** Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін көрсету, түсіндіру.

Біз гуашты сұйылтып, парақтың төменгі сол жақ бұрышына бірнеше тамшы тамызамыз.

Бояу мен параққа тигізбей тамшыны үрлеңіз.

Парақты әр түрлі бағытта бұруға болады. Сәнді ағаш бұтақтары алынады. Егер бояу өте қалың болса, оны үрлеуді жеңілдету үшін сумен сұйылтыңыз. Қажет болса, қазірдің

өзінде алынған бұтақтарға тамшылар қосып, бұтақтарды әр түрлі бағытта үрлеңіз.  
Біз бұтақтарға жапырақтарды саламыз.

Гуашты жапырақтарға тікелей жағып, қағазға басып шығарыңыз  
Бірақ жұмысқа кіріспес бұрын мен сіздерге бой сергітуді ұсынамын.

Күзде жауын. Бұлт. Тұман.

Сары жапырақ жауады.

Сары құйын ұйытқыған,

Сапырады ауаны.

Ой дамыту

Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау, көмектесу.

Дид ойын: «Біздің көрме»

Балалардың жұмысын бағалау.

Күз ханшайымының алғысы

Күз ханшайымымен қоштасу.

«Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.

## 2- сабақ

**Тақырыбы:** «Бұлттар - ақ қанатты аттар»

**Мақсаты:** балаларды сурет салудың жаңа техникасымен таныстыру.

**Тапсырмалар:**

- балаларды көбік резеңке тампонмен сурет салуға машықтандыру;

- композиция сезімін, шығармашылық қиялын дамыту;

- үлкен сурет салу, парақтың өлшеміне сәйкес кескінді орналастыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру

- бояулармен жұмыс кезінде тәуелсіздік, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға ықпал ету.

**Ресурстар:** губкалар, реңктелген қағаз парақтары, ақ бояумен палитра, майлықтар.

**Ұйымдастыру**

Шаттық шеңбер

Қол ұстасып, дөңгеленіп,

Тұра қалдық екеуміз.

Өзіміз де дөңгелек

Күнге ұқсайды екенбіз

**Миға шабуыл**

Көшіп жүріп желменен,

Сеуіп шықты тамшысын,

Қыраттарға шөлдеген. (Бұлт)

Сұрақ-жауап.

**Ой дамыту.**

-Бүгін біз сурет салудың жаңа техникасымен танысамыз, бұл үшін көбік губка көмектеседі.

Оның көмегімен біз бұлттарды саламыз.

Аспан қандай түсті екенін еске түсірейік? (көк).

Бұлттар қандай түсті? (ақ).

Бұлт туралы иллюстрация көрсету, ол кейінірек визуалды сілтеме болады.

**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

- Бұл бұлтты бейнелеуге көмектесетін ақ бояу, ал біздің парағымыз аспан болады.

Педагог балалармен бірге бояулармен жұмыс істеу ережелерін есте сақтауды ұсынады, көбік губкамен сурет салу техникасын түсіндіру: губканы бояуға батырыңыз, содан кейін боялған жағын қағазға аздап басыңыз содан кейін оны бетінен жұлып алу үшін бұлтқа көлем мен жұмсақтық беретін із қалдырасыз. Келесі басылым бос орын қалдырмай қатар қойылуы керек. Бояуды губкадан тамшыламау үшін және кірленбеу үшін мұқият қабылдау керек.

Жұмысқа кіріспес бұрын біз саусақтарымызды жаттықтырамыз.

**«Бұлттар» саусақ гимнастикасы**

Желкен сияқты бұлттар (саусақтарыңызбен үшбұрыш салыңыз).

Жел оларды асығыс айдайды, (Екі қолды жоғары көтеріп, саусақтармен қозғалтыңыз).

Егер бұлт көп болса - (қолыңызды алдыңызға қойыңыз, барлық саусақтар бір-бірінен алыс тұрады). Жаңбыр жауады. (Бір қолдың сұқ саусағымен алақанынды түрту.) ұру үшін).

Содан кейін күн күркіреді - (қол шапалақтайды).

Бұлт ашуланды. (Жұдырығыңызды қысыңыз, қолыңызды алдыңызға қойыңыз).

Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау, көмектесу.

**Дид ойын: «Біздің көрме»**

**Шарты:** Балалардың жұмысын ілу, бағалау.

**Қортынды**

Сұрақ-жауап

Балаларды мадақтау.

**3-сабақ**

**Тақырыбы: Тарелкедегі жидектер**

**Мақсаты:** балаларды дәстүрлі емес саусақ суретімен таныстыруды жалғастыру;

өнімділікті бекітіңіз, суретті парақтың барлығында орналастыру қабілетін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту; топта жағымды ахуал тудыру;

**Сөздік жұмыс:** жидектер, табақша.

**Ресурстар:** қызыл гуашь, 1/2 дөңгелек қағаз, майлық, су, «Құс» ойыншық, аудио жазба «Құстар дауысы»

**Алдын ала жұмыс:** «Құстар» суретін қарау, «Құстар не жейді» әңгіме, құстар туралы әңгімелер мен тақпақтар оқу.

**Ұйымдастыру.**

**Шаттық шеңбер**

Жарық болса күніміз.

Жарқын шығар үніміз.

Елін сүйіп ержестер

Біз болашақ гүліміз!

Сұрақ-жауап

**Тосын сәт**

Құс ұшып топқа келеді.

Тәрбиеші: Балалар, құс бізге сурет әкелді, бірақ сыртта қатты жел тұр, бүкіл сурет жыртылып қалды. Енді құс оны бізге көрсете алмайды. Суретке жинауға құсқа көмектесейік.

**Дид ойын: «Суретті жинаңдар»**

**«Суретті жинау» түзету жаттығуы**

Балалар суретті жинайды

Сұрақ-жауап

**Үлгіні талдау.**

Суретте не бар? (Табақтағы жидектер)

-жидектер қандай түсті?

-жидектің пішіні және тарелке қандай? (дөңгелек)

-Құстар жидектерді жей ме? (балалардың жауаптары)

Құстың достары бар ма, балалар қалай ойлайсыңдар? (балалардың жауаптары)

Балалар, достарымызға жидектер салайық («Құстар» суреті ілулі тұр). Балалар үстелге отырады

**Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін көрсету, түсіндіру.**

Гуашқа саусақтың ұшын батыру арқылы тарелкеге дөңгелек пішінді жидектер суретін салу.

**Тәжірибелік бөлім**

Балалар жидектерді табаққа саусақтарымен салады

(сурет салу кезінде «Құстар дауысы» аудио жазбасы қосылады).

Дид ойын: «Біздің көрме»

Балалардың жұмысын бағалау.

**Қортынды бөлім.**

**Сұрақ - жауап**

Балалар, бүгін бізге не ұшып келді?

Біз құсқа не салдық?

Жидектер қандай түсті? Балалар, сендердің суреттерің құсқа қатты ұнады.

Ол сендерге рахмет айтып, қош бол дейді

(Балалар жұмыс орындарын тазалайды).

**4-сабақ**

**Тақырыбы: Жемістер натюрморты**

**Мақсаты:** балаларға «натюрморт» ұғымын түсіндіру, көкөністер мен жемістер тобын бейнелеуге, олардың пішіні мен түсін жеткізе білуге және суретте дұрыс орналастыруға үйрету. «натюрморт» ұғымымен, шебер суретшілердің шығармаларымен таныстыру, натюрморт пен заттардың қарапайым бейнесі арасындағы айырмашылықты ашу;

**Ресурстар:** қағаз, бояулар, гуашь, қалың және жіңішке щеткалар, натюрморт суреттерінің репродукциялары, трафарет, көкөністер мен жемістердің бейнелері алдын-ала дайындалған.

**Ұйымдастыру.**

-Балалар, мен бүгін сендерді әдемі суреттерге сүйсініп, суретшілер өз суреттерінде бейнелейтін шағын экскурсияға шақырғым келеді. Экскурсияға барғанды ұнатасыңдар ма? (Балалардың жауаптары).

-Ия, біз қиялдағы өнер мұражайындамыз. (Балалар қабырға алдында отырады, онда «Музей» белгісі орналасқан және пейзаждардың 2-3 репродукциясы ілінген)

**Ой дамыту**

-Бұл картиналардан суретшілердің табиғатты қалай бейнелегенін көреміз.

Мұндай картиналар пейзаж деп аталады. Репродукциялар басқаларға ауыстырылады.

-Ал бұл картиналарда суретшілер адамдарды бейнелеген. Мұндай картиналар портреттер деп аталады. Келесі орналастырылған натюрмортты бейнелейтін репродукциялар.

- Бұл суреттерде біз заттар әлемін, әртүрлі заттарды көреміз. Олар натюрморт деп аталады. Натюрмортта барлық зат жиналып бір ыдыста немесе бір жерде жиналып тұрғандықтан оны натюрморт деп атаған. Біз күз мезгілі болғандықтан жемістер натюрморттың тамашалайық.

**Үлгіні талдау.**

Мына суретте барлық жеміс неде тұр?

Қандай жемістер бар? Атау.

**Шығармашылық жұмыс.**

**Балалардың өз бетінше жұмысы**

Біз әртүрлі, ерекше тәсілдермен сурет саламыз. Бірінші құмыра трафарет техникасын қолданып бейнелеу. Педагог құмыраны бейнелейтін алдын-ала дайындалған трафареттерді таратады. Тақырып силуэтін жасау үшін балалар көбік губканы трафаретке пайдаланады.

Жұмыстың келесі кезеңінде педагог «штамптау» техникасында жұмыс істеу тәсілдерін көрсетеді. Балалар, белгілі бір дәйектілікпен, жемістерді штамптайды (алма - жартты алма, жартты лимон, жартты картоп, жүзім шоғыры тығынмен жасалады).

Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау, көмектесу.

**Дид ойын: «Біздің көрме»**

**Балалардың жұмысын бағалау.**

-Балалар, қараңдаршы, біз қандай талғампаз натюрморт салдық !

Менің ойымша, бұл жаз мезгілін еске түсіреді, жемістер пісетін кезде, бәрі қош иіс шығарады, гүлдейді, құстардың әні және аралардың ызыңы естіледі. Ауада гүлдердің күшті хош иісі бар.

Қортынды  
Сұрақ-жауап  
Біз ненің суретін салдық?  
Ненің көмегімен салдық?  
Балаларды мадақтау.

#### 5- сабақ

**Тақырыбы:** Жеміс – жидектер. **Трафаретпен жұмыс.**

**Мақсаты:** Балалардың жеміс - жидектер туралы білімдерін арттыру.

Олардың алуан түрлілігі туралы ұғымдарын дамыту.

**Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу.

**Қажетті көрнекі құралдар:** қуыршақ, жемісте, себет суреті, трафарет.

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі:

**Шаттық шеңбері:**

Қуанамын мен де,  
Қуанасың сен де,  
Қуанайық достарым  
Арайлап атқан күнге.

#### 1. Миға шабул. Жұмбақтар сыры. «Ұйқасын тап»

Іші толған шәрбат

Дәмі қандай әйбат

Үзесің бірден жүзін

**Оның аты-...(жүзім)**

Дөп-дөңгелек сары

Ішінде бар дәні

Қызығасың көріп

**Оның аты-...(өрік)**

Бір сабақта көп түйме

Жей алмайсың көк күйде

Санап қара қанша

**Оның аты-...(шие)**

Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым.

**(Жеміс)**

#### 2. Құрлымдалған ойын: «Бақшада ма бақтама»

-Бақшада нелер өседі, бақта нелер өседі?

Бізге қандай пайдасы бар? Дәрумендер береді.

#### 3. Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді.

Амандасу. Балалардан көмек сұрайды.

Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым, онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді, енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші?

**Сұрақтар ілмегі.**

Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?

-Жемістер мен көкөністерден аламыз.

- Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?

-Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік.

**Сергіту сәті. (Айгүлмен бірге сергіту жасайық)**

Алма баққа барайық, (орында тұрып жүру)

Алма теріп алайық, (алма теру қимылын жасайды)

Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)

Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)

#### 4. Топқа бөлу. (Жемістер) Топтық шығармашылықпен жұмыс



1- топ. Алма

2- топ. Құлпынай

3- топ. Алмұрт

4- топ. Шие

5. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету

Трафаретпен жұмыс.

Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу

6. Дидактикалық ойын: «Біздің көрме»

Мақсаты: Педагогтың әр топтағы балалардың жұмысына баға беру.

Сұрақ – жауап.

Қандай жеміс салдың?

Жемістердің түсін, пішіні қандай?

Балалардың жұмысын бағалау

Салынған суретті себетке салып Айгүлге беру. Қоштасу.

Қорытынды.

Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар.

Балаларды мадақтап, жұлдызшалар беру.

(Уақыт болса)

«Карандаш» Н.Айтов

Қызыл-жасыл, қарасын

Қолға кезек аласың,

Қарындашпен әртүрлі,

Алуан сурет саласың.

Қарындаштың көмегі,

Міне, қандай көп еді.

Ұштай біл де, ұстай біл,

Түрлі өрнек төгеді

6 – сабақ

**«Өнерлі екен өн саусақ» (B)**

**Тақырыбы:** Көбелектің суретін саламыз

**Мақсаты:** Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояу түстерінің мәнін түсіндіру. Көбелектің бейнесін қағазға монотония әдісімен түсіруді үйрету. Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға және ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш нұр іздеген,

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Тосын сәт.

Көбелек ұшып келеді.

Сен неге көңілісіз отырсың?

**Көбелек:** Сәлеметсіңдер ме?

Мен мына әдемі гүлзарда жалғыз өзім тұрам, достарым да жоқ. Жалғыз жүрген жаман екен. Достарым көп болғанын қалаймын.

Сен мұңайма Көбелек, біздің балалар саған көп достар тауып беретін болады.

Солай ма балалар, көмектесеміз бе?

алдымен көбелек туралы мәлімет жинап алайық.

**АКТ технологиясы.**

Слайд көбелектер

Түсінік беру.

Қызыл, сары көбелектер арқылы топқа бөлу.

**1-топ** қызыл гүлдер бояумен сурет салады.

Әдіс тәсіл көрсету

1. Қылқаламды таза суға батырып, онымен бояудың үстіне су тамызамыз. Бояудың жарты бөлігі су болады. Енді бояуды сумен араластырамыз.

2. Қылқаламмен көбелектің оң жақ қанатына дақ түсіреміз.

3. Қағазды дәл ортасынан бүктеп, көбелектің сол жақ қанатымен оң жақ қанатын беттестіреміз де оны қолымызбен үстінен сипаймыз.

4. Көбелектің қанатын ашамыз.

**2-топ** саусақпен бастыру әдісі арқылы, көбелекті бояйды.

Балалардың жұмыстарын бақылау

Жеке көмек.

Балалардың жұмыстарын қорытындылау.

Балалармен қоштасу.

7 – сабақ

**«Өнерлі екен өн саусақ» (В)**

**Тақырыбы:** Күзгі өнімді жинауға арналған себет

**Мақсаты:** Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.

**Оқу қызметінің барысы:**

1. Ұйымдастыру:

**Ынталандыру, сезімді ояту**

- Қане балалар бәріміз амандасып алайық:

Алма баққа барайық

Алма теріп алайық.

Ең үлкенін, дәмдісін

Анамызға сыйлайық!

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт:** Есік қағылады. Ішке бағбан атай келеді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен бағбан атаймын. Менің себетім сынып қалды. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Балалардың жауаптары

**Ой қозғау.**

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Ауа - райы қандай?

**Ой дамыту.**

Күзгі өнім туралы түсінік беру.

Балалар күз айында астық жинаймыз. Көкөніс, жеміс - жидектер піседі. Оларды жинап аламыз. Олар бізге көп еңбекпен келеді. Егеміз, суарамыз, баптап күтеміз. Піскеннен кейін жинап аламыз.

**Суретпен жұмыс**

Балалардың назарын тақтада ілініп тұрған себеттің үлгі суретіне аудару, сұрақтар қою:

- Себет қандай?

- Себет не үшін керек?

Ендеше қағаздан себеттер жасаймыз және бағбан атайға да көмектесейік.

**Себет жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

Балалар жұмысты қызығушылықпен жасайды. Алдымен түс таңдап алып, себеттің бейнесін бастыру тәсілі арқылы себетті қиып алып, қағаз бетіне орналасу бірізділігін сақтап, жапсырады.

**Қауіпсіздік техникасы еске түсіру**

Сегіту сәті

Орнымыздан тұрамыз,

Алақанды соғамыз.

Жоғары-төмен қараймыз,

Топылдатып басамыз.

**Ойын: «Бөлігін тап»**

Жемістердің бөліктерін тауып құрастырулары керек.

**Қорытынды.**

Ойын: «Жемістер жинау» (Бағбан атай ұйымдастырады)  
Қане, балалар жасаған себетімізге жемістерді салайық.  
Балаларды мадақтау. Қорытындылау. Жұмыстарын бағалау.

**8 - сабақ**

**Өнерлі екен он саусақ» (В)**

**Тақырыбы.** Жемістер

**Мақсаты:** Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және сопақ пішіндерді қағаздан қиып үйрену. Дұрыс желімдеуге дағдыландыру. Балаларды қайшымен жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**

Ұйымдастыру.

Балалармен амандасу

**Шаттық шеңбер.**

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт:**

Қонаққа қуыршақ Кәусар келеді. Кәусар бізге өтініш айта келіпті, көмектесеміз бе?

Қолында алма мен алмұрт бар

-Балалар бұлар көкеніс пе, алде жеміс пе?

Жемістер қайда өседі?

-Дұрыс айтасындар!

-Кәусар сендерге осы алма мен алмұртты көп етіп жасап берулерінді сұрайды. **Топқа**

**бөлу.**

1-Алма тобы

2-Алмұрт тобы

**Жапсырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

Балалар үлгі қарап жұмысқа кіріседі.

Бақылау.

Жеке көмек

**Сергіту сәті:**

Алма баққа барайық

Алма теріп алайық

Ең үлкенін дәмдісін

Анамызға сыйлайық

Балалардың жұмысын қорытындылау.

**Галерия шаралау әдісі.**

Балалар бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.

Кәусар қуанып рахмет айтып қоштасады.

**Қорытынды**

Балаларды мадақтау.

9 - сабақ

**Өнерлі екен он саусақ(В)**

**Тақырыбы:** Жол белгілері

**Мақсаты:** Қажетсіз материалдармен жұмыс жасау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

Ұйымдастыру кезеңі

Балалардан жыл мезгілін, апта күнін сұрау.

**Ой дамыту.**

Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңі

Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға.

Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба.

**Ой қозғау.**

Бұл өлең не туралы айтылған?

-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?

-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?

Жарайсыңдар балалар

Балаларға қажетсіз материалдардан бағдаршам жасайтындарын айту.

Сандар бойынша топқа бөлу.

1 саны бар балалар бағдаршамды жаңғақты жапсырып, бояу арқылы жасайды.

2 саны бар балалар қалдық тоқма жіпті пайдаланып бағдаршам шамдарын жасайды



3 саны бар балалар мақталы дөңгелекті пайдаланып бағдаршам жасайды.

**Сергіту сәті.**

«Бағдаршам»

Балалар дөңгеленіп тұрады, бағдаршам қызыл түсті көтергенде - балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде сол орында тапжылмай тұрады. Жасыл түсті көтергенде бір адым алдыға жылжиды.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмыстарын қорытындылау.

**Галерия шаралау әдісі.**

Бас бармақ әдісі арқылы бағалау.

10 - сабақ

**Өнерлі екен он саусақ. (B)**

**Тақырыбы.** Күзгі жапырақ

**Мақсаты.** Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**

**Шаттық шеңбер:**

Сәлеметсізбе, аспан-ата!

Сәлеметсізбе, жер-ана!

Сәлеметсізбе, алтын күн!

Қызығушылықтарын ояту.

Қонаққа кірпі келді.

Сурет алып келеді.

**Ой қозғау.**

Суртепен жұмыс.

Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Ормандағы ағаштар қандай, жерде не жатыр, жапырақтардың түсі қандай?

Кірпі: сендер маған жапырақтарды жапсыруға көмектесесіңдер ме?

балалардың жауаптары.

Үлгі суретті көрсету.

Умаждау арқылы жапырақ жапсыру.

**Сергіту сәті.**

Бас бармағым тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

Жұмыс барысында түстердің үйлесімділігіне назар аударыу. Балаларға көмек көрсету.

**Дидактикалық ойын:**

«Ненің жапырағы».

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Кірпі балалараға рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау

Сұрақтар ілмегі әдісі арқылы қорытынды жасау.

**II – сабақ**

**Өнерлі екен өн саусақ (в)**

**Тақырыбы:** «Күзгі саңырауқұлақтар»

**Мақсаты:** Жапырақтар арқылы саңырауқұлақ бейнесін жапсыру.

**Оқу қызметінің барысы.** Ұйымдастыру кезеңі.

**Қызығушылықтарын ояту.**

Балалар кәне, барлығымыз тақтаға назар аударайықшы ненің суретін көріп тұрмыз?

-Дұрыс айтасыздар!

саңырауқұлақтармен танысамыз.

**Ой қозғау.**

Балалар маған кім айтады

саңырауқұлақтар қайда өседі?

Саңырауқұлақтар қандай болады?

**АКТ технологиясы.**

Әртүрлі саңырауқұлақтардың суреттерін қарау.

Балалар саңырауқұлақ қандай бөлшектерден тұрады?

**Тосын сәт.**

Кірпі келеді.

Балалардан көмек сұрайды.

Қысқа азыққа көп саңырауқұлақ керек екенін айтады.

**Топқа бөлу.**

Үлкен, кіші саңырауқұлақтар суреті арқылы.

**Үлгі көрсету түсіндіру.**

1-топ Үлкен саңырауқұлақ жапсырады.

2- топ Кішкентай саңырауқұлақ жапсырады.

Жапырақтан саңырауқұлақ жасау жолдарын көрсету, түсіндіру.

**Сергіту сәті.**

Саңырауқұлақ болайық,

Тізе бүгін отырайық.

Жаңбыр жауса көтеріліп,

Өсіп-өсіп алайық .

Балаларға көмектесу.

Мадақтау.

Жұмыстарын қорытындылау

**Галерия шарлау әдісі.**

Балалар бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.

Саңырауқұлақтарын кірпіге береді.

Кірпі қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.

**Қорытынды.**

**Сұрақтар ілмегі**

Кірпі сендерден қандай көмек сұрады?

Не жапсырып бердіңдер?

3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.

## 12- сабақ

**Тақырыбы.** Саусақтар – тату отбасы.

**Мақсаты:** Сурет арқылы саусақтарынан отбасының тату бейнесінің суретін салуды үйрету, шығармашылық қиялды, бастаманы дамыту.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбер.**

«Тату-тәтті отбасы»

Сенде де бар жанұя,

Үлкендер де кіші де,

Жанұя бары шуақ қой,

Қуаныш пен қуат қой!

1. Балалар сендер өз отбасың туралы не білесіңдер?

Отбасыңда кімдер бар?

2. **Дидактикалық ойын.** «Кім жоқ»

3. **Сергіту сәті.**

Бас бармақ - әкем,

Балан үйрек - шешем.

Ортан терек-ағам,

Шылдыр шүмек-әпкем. Кішкене бөбек-мен

Бір үйде біз нешеуміз.

Бір үйде біз бесеумі

4. **Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.**

Саусақтарымызға отбасы суретін саламыз.

Түрлі-түсті қарандаштармен бояймыз.

5. Жеке көмек көрсету.

6. Жұмыстарын бағалау, мадақтау.

## 13 – сабақ .

**Тақырыбы:** Дастархандағы бауырсақ

**Мақсаты:** (Дәстүрден тыс) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету.

**Дидактикалық ойын:** «Тәрелкеге бауырсақтарды жина»

**ҰОҚ өтілу барысы:**

1. **Психожаттығу:** «Күлімдейік».

2. **Қызығушылықты ояту.**

**Өлең оқу.** «Бауырсақ»

Апам менің пісірген

Қызыл күрең бауырсақ

Шықпай қояр түсіңнен

Біраз жемей сағынсақ





Суретте жазған

Өлең не туралы айтылған?

3.06 тақырып.

Суретпен жұмыс

-Бауырсақтың түсі қалай?

-Бауырсақ қайдан жасалады?

-Бауырсақты қайда пісіреді?

Сурет салудың арнайы тәсілін көрсетіп, түсіндіріңіз

Қазақтың бауырсақтың арнайы аспабын атап, пішінді суреттеңіз.

Сергіту сәті.

Жеті кеме.

Біз бүгін неміз салдық?

Бауырсақтың пішін қандай болды?

П.Ж. ойын: «Біздің қоржым»

Балалардың жұмысын бағалау.

Қоржымды

Нан қоржымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар

Теріп алып қастерлеп,

Тарнайларға тастаңдар

Балаларды мадақтау.

#### 14 - сабақ

Өнерлі екен он сұсмақ (ө)

Тақырыбы: Құс

Мақсаты.

Алақанмен құстың қанатын салу. Ғылыми және тарихи.

Ғылыми дағдылармен оқу қызметінде қолдану.

Ғылыми дағдылар кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Қызығушылықтарын ояту.

АКТ технологиясы.

Құс туралы бейне

тастау

Әңгімелесу.

құстар туралы

әңгімелесу.

Ой қозғату.

Құстардың неше түрі бар?

Тә құстарының неше жатады? Дем құстарының не?

Қандай қыстайтын құстарды білесіңдер? Жылы жатқан құстар неше түрлі болып келеді?

**Тосын сәт.**

Торғай ұшып келеді.

Балалардан көмек сұрайды.

Құстардың бәрі жыллы жаққа ұшып кетті. Маған дос керек.

Балалар көмектесеміз бе.

**Топқа бөлу.**

**1-топ**

Ермексаздан құс жасайды.

**2-топ** алақанмен құстың суретін салады.

**Үлгі көрсету,**

**түсіндіру.**

**Сергіту сәтті:**

Ал балалар тұрайық,

мойнымызды бұрайық.

Қолымызды созайық,

Жел сияқты қалықта,

Оңға, солға иіліп

Денемізді бұрайық

**.Жеке көмек.**

Балалардың жұмыстырын қорытындылау.

Жасаған жұмыстарын торғайға беру.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын бағалау.

Мадақтау

**15 - сабақ**

**Тақырыбы.** Балық (ұжымдық жұмыс)

**Мақсаты :** Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Алақанмен жұмыс жасай білуге үйрету.

**Оқу қызметінің барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Миға шабул**

Жұмбақ жасыру.

Жер бетіне бір шықпас,

Су түбінде тұншықпас.

Сөйлемейді, үндемейді,

Пісірсе оны кім жемейді. (Балық)

**АКТ технологиясы.**

Бейнетаспадан балықтармен таныстыру.

**Балықтың суретін салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

Үлкен, кіші балықтар арқылы топқа бөлу.

**1-топ** Үлкен балықтар

Алақан арқылы сурет салады.

**2-топ** кішкентай балықтар тобы мақталы таяқшамен сурет салады.

Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары.

Жеке жұмыс:

**Қорытынды**

Көрме ұйымдастыру.

**Бас бармақ әдісімен бағалау.**

Сұрақтар ілмегі әдісі арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

**17 - сабақ**

**Тақырыбы:** Байтерек

**Мақсаты:** Байтерек туралы түсінік беру. Мақта таяқшасымен бояуды үйрету.

Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Психологиялық сәт.**

Мен әдемімін,

Менің достарым әдемі.

Менің шашым әдемі,

Досымдікі одан да әдемі.

Менің қолым әдемі,

Досымдікі одан да әдемі.

Біз әдеміміз (қолдарын түйістіріп жоғары көтеру)

**Суретпен жұмыс:**

-Балалар сендер суретте нені көріп тұрсыңдар?

-Бәйтерек қай қалада орналасқан?

-Олай болса біз бүгін осы бәйтеректің суретін саламыз

**Топқа бөлу.**

**1-Топ** Байтеректі мақталы таяқшамен бояйды.

**2- топ** ақ мақтадан бәйтеректің астын жапсырады. Ал сары қағаздан үстіндегі дөңгелекті жапсырады.

**Сергіту сәті.**

Орнымыздан тұрайық,

Қане қанат жаяйық,

Қарлығашқа ұқсайық,

Ұшып - ұшып алайық,

Орнымызға қонайық

Балалар жұмыстарын жалғастырады

Балалар жұмыстарын аяқтайды.

**Қорытынды.**

Көрме ұйымдастыру.

-Біз бүгін не жасадық?

-Олар қайда қалада орналасқан?

Балаларды бас бармақ әдісі арқылы мадақтау.

**18 - сабақ**

**Тақырыбы.** Ара

**Мақсаты.** Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

Ал, балалар, ойнайық.

Ойнайық та ойлайық.

Қандай жұмбақ болса да,

Шешпей оны қоймайық.

**Жұмбақ жасыру.**

Гүлдерге қонады

Шырынын сорады

Түр – түсі сары – ала

Бұл не?

Балалардың жауаптары.

**Ой қозғау.**

Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?

Басқа тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?

**Тосын сәт.**

Ара ұшып келеді.

Балалардан көмек сұрайды.

Достарым жоқ, маған достар керек дейді.

балалар көмектесеміз ба?

**2-топқа бөлу.**

1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.



2-топ дөңгелек картоннан ара жапсырады.



**Сергіту сәті:**

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Алға қарай бір адым,

Жоғары, төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Балалардың жұмыстарын бақылау.

Жеке көмек көрсету.

**Қорытынды.**

Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау.

Галерия шарлау әдісі.

Екі топ бі-бірінің жұмыстарына баға береді.  
Ара қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.  
Балаларды мадақтау.

## 19 - сабақ

**Тақырыбы.** Шырша

**Мақсаты.**

Шырша ойыншықтарын жасап үйрену. Саусақпен ойыншықтарды дұрыс сала білуге жаттықтыру. Ойыншықтарды жасау арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**Шаттық шеңбері**

Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?: Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?

Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

**Қызығушылықтарын ояту.**

Маша келеді.

Маша балалардан шырша суретін салып беруді сұрайды.

**Топқа бөлу.**

Балалар қорапшадағы бейнелі суреттерді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.

1 - топ: «Аққала» тобы.

2 - топ: «Ұлна» тобы.

1 - топ: «Аққала» тобы.

Ақ түсті қағазды алып, жасыл түсті гуащ бояуына қылқаламды батырып, бояуды түтікшемен үрлеп, шырша суретін бейнелейді.

2 - топ: «Ұлна» тобы

монотопия әдісін қолдана отырып шыршаның суретін салады

Сергіту сәті:

Саусақтарым тұрыңдар,

Сапты бірге құрыңдар,

Желмен бірге майысып,

Оңға, солға бұрыңдар.

Балалардың жұмыстарын бақылау

Жеке көмек.

**Қорытынды.**

**Галерея шарлау әдісі.**

Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.

Жасаған жұмыстарын Машаға беру. Маша қуанып рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау.

## 20 - сабақ

**Тақырыбы.** Қой

**Мақсаты.** Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету.  
Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулықпен қолдану іскерліктерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**Дидактикалық ойынын.**

«Не қалай дыбыстайды?»

Үнтаспадан үй жануарларының дыбыстарын тыңдай отырып, қай жануардың дыбысы екенін ажыратып айыруларың керек (үнтаспадан жылқы, түйе, сиыр, қой, ит, мысықтың үндерін тыңдату)

**Ширату.**

Жұмбақ жасыру: Кішкентай гана бойы бар,  
Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

**Ой қозғау.**

Бұл ненің суреті?

Қойдың төлін не дейміз?

Қойды қалай шақырамыз?

**Тосын сәт.**

Ата келеді.

Балалармен амандасады.

Ата балалардан көмек сұрайды.

Қойларын жоғалтып алған.

Атаға көмектесеміз ба?

**Үлгі көрсету, түсіндіру.**

Қойдың сұлбасын бастырып, үстіндегі жүнін мақтадан жапсыру.

**Сергіту сәті.**

Қошақаны қойдың,

Қайда қалып қойдың.

Бұлтиып тұр бүйірің

Қай өрістен тойдың.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек көрсету.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

**Көрме ұйымдастыру.**

Ата балалардың жұмысын көріп, мадақтайды.

Рахмет айты қоштасады.

Балаларды мадақтау.

**Дидактикалық ойын:**

«Атауын естіп, дыбысын сал».

Бір түліктің атауын атаймын, балалар төрт түліктің қимылымен, дыбыстарын салады.

**Қорытынды.**

Балалар топқа кім келді?

Атаға не жасап бердік?

3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.

21 - сабақ

**Тақырыбы.** Балапан

**Мақсаты.** Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Умаждау әдісін қолдана білуге үйрету

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

**Қызығушылықтаын ояту.**

Тосын сәт.

Тауық келеді.

Балалар тауықпен амандасады.

Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.)

-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?

**Суретпен жұмыс.**

«Балапан»

Балапанмен танысып алайық.

Балапанның түсі қандай?

-Басының пішіні қандай?

-Денесінің пішіні қандай?

-Тұмсығының пішіні, түсі қандай?

**Балапанды іздеу.**

**Ой дамыту.**

Суретпен жұмыс.

-Балалар, қараңдаршы мына жерде үй құстары жайылып жүр. Ішінде тауықтың балапандары бар ма?

Балалардың жауаптары

Жоқ.

-Балалар, енді әрі қарай балапанды іздестірейік.

Келе жатып көгалда серуендеп жүрген балапандарды кездестіру.

**Ой қозғау.**

Балалар қараңдаршы нелермен кездестік?

Балапандар қайда жүр?

Тауық қуанып рахмет айтады.

**Ойын «Көңілді балапандар»**

Енді балалар тауық пен балапандармен қоштасып, өз тобымызға барып, осы балапандардың суретін салайық.

**Топқа бөлу.**

Тауық, балапан суреті арқылы топқа бөлу.

**1-топ** тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.

**2-топ** балапанды саусақ арқылы бояйды.

Балалардың жұмысын бақылау.

**Сергіту сәті.**

Су болып ағайық,

Терең-терең дем алып,

Жүгіріп-жүгіріп алайық.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Галерея шарлау әдісі.

Жақсы салынған суреттерді көрсетіп мадақтау.  
3 шапалақ әдісі арқылы аяқтау.

## 22 – сабақ

**Тақырыбы:** Қар кесегі

**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Қар кесегін балауызбен салып, оны бояумен бояуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**

### Шаттық шеңбер

Біз бақытты баламыз

Айтқан тілді аламыз

Үлкендерді көргенде

Амандасып аламыз!

Балалар, бәріміз терезеге қарайықшы, қазір жылдың қай мезгілі?

Не көріп тұрсыңдар?

### Ой қозғау.

Сендер далаға шыққанда қарды қолдарыңмен ұстап көрдіңдер ме?

- Қар қандай екен?

Қыста біз далада қандай ойындар ойнаймыз?

### Ой дамыту.

#### АКТ технологиясы.

Бейнетаспадан қыс мезгілін тамашалау.

#### Топқа бөлу.

Ресурстар арқылы.

1-топ бояумен сурет салады.

2-топ мақталы таяқшамен қардың суретін салады.

3-топ майшамен салып үстін бояумен бояйды.

#### Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Алға қадам басайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Бойымызды жазайық.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

#### Галерия шаралау әдісі.

Бас бармақ әдісі арқылы бағалау.

#### Қорытынды:

-Бүгін біз ненің суретін салдық?

-Қар қандай болады?

-Қай мезгілде жауады.

Балаларды мақтау, мадақтау.

Смайлкттер беру.

## 23 – сабақ

**Тақырыбы.** «Қысқы ағаштар келбеті»



**Мақсаты:** Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру

### **ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:**

#### **I. Шаттық шеңбері.**

«Арайлап таң  
атты»

#### **II. Қызығушылықты ояту.**

**Жұмбақ жасыру.**

Өсіп тұрған бұл не?

Жаз болса жайнап,

Саясында ән салып.

Құстар жүрген сайрап,

Салқын түссе-шешіліп,

Қалады өзі жайрап. (ағаш)

#### **1. Ой қозғау**

Қыс мезгілі және қысқы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.

- Сұрақ – жауап.

- Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?

-Атау.

-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?

-Қазір ағаштар қандай?

-Неліктен?

#### **2. Үлгіні талдау.**

- Қай мезгілдің ағашы?

-Түсі қандай?

Неліктен қысқы ағаштар жалаңаш?

#### **3. Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.**

Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту.

Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.

Балалардың өз бетінше жұмыс жасауы. Қадағалау, көмектесу.

Педагог жетекшілікпен ойын «Біздің көрме» балалардың жұмысын қортындылау.

Балаларды мадақтау.

### **24 - сабақ**

**Тақырыбы:** Қардағы іздер

**Мақсаты:** Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру.

**Ресурстар:** Ақ қағаз, гуаш,

Губка, қақпақ (балаларға сурет сабағында су құйып пайдалануға арналған ыдыс қақпағы)

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбер**

Армысың Алтын күн

Армысың көк аспан,

Армысың, қайырымды Жер Ана

Армысың менің достарым!

### **Ой қозғау**

АҚТ технологиясымен жұмыс

Балаларға қысқы аңдардың іздерін көрсету, түсіндіру.

-Қыста жердің беті қандай болады?

-Біз мына жерде ненің іздерін көрдіңдер?

Түлкі, қоян, қасқыр

-Неліктен олардың ізін анық көріп тұрмыз?

**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

-Губкаға қара бояу құйып қою

-Қақпақты губкадағы бояуға батыру арқылы, дайын ақ қағаз бетіне бастыру арқылы із шығару.

Балалардың өз бетінше жұмысы

**Балаларды бақылау, көмек беру.**

**Педагог жетекшілігімен ойын: «Біздің көрме»**

Балалардың жұмысына баға беру.

**Қортынды. Сұрақ-жауап**

Қандай сурет салдық?

Неліктен іздер қыста анық көрінеді?

Сурет салған ұнады ма?

Балаларды мадақтау.

### **25 - сабақ**

**Тақырыбы.** Қар жамылған бұтақ

**Мақсат.** Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялдарын дамыту.

Дәстүрден тыс мақталы таяқшалармен қардың суретін салуды үйрету.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Жарқырап күнде ашылды,

Айналага нұр шашылды.

Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!

Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!

**Тақпақ оқу**

Аппақ қыстың бояуы

Аппақ қыстың бораны

Ақ көрпеге орайды

Ақ қар байтақ даланы осы өлеңде не туралы айтылған?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Қыста күн қандай болады?

-Енді айналага, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?

**Тақтамен жұмыс.** Тақтадағы суретке қарап ормандағы ағаштар туралы әңгімелесу.

**«Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз.**

Жұмыс барысы үлгіге қарап түсіндіру.

Қылқаламды алып, қоңыр түсті гуашпен ағашты саламыз. Ағаштың жуан

діңін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнені мақталы таяқшамен

саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету.

Енді сурет салмас бұрын саусақ жаттығуын жасап алайық.

**Шынжыр.** Оң және сол қолдағы түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

Енді отырып

жұмысымызды бастай беруге болады.

Жеке кимге.

Қорытынды.

Қарта ұйымдастыру

Балалардың жұмыстарын қартау.

Бұл ненің бейнесі?

Біз нені бейнеледік?

Балаларды мақтау.

26 - сабақ

Тақырыбы: «Суық торғай»

Мақсаты: Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трифурет канықпаған қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу.

ҰОҚ өтілу барысы

I. Шаттық шеңбер

Жабырқауды білмейміз.

Жалқаулықты сүйемейміз.

Біз талантты жас ұлан.

Үлгі аламыз жақсыдан.

II. Қызығушылықтарын ояту.

Үнтаспадан құстардың дыбыстарын тыңдау.

III. Ой қозғау.

Ненің дауысы?

Қандай құстардың дыбыстарын есітіп тұрсыңдар?

Балалардың жауаптары.

3. Ой дамыту.

Құстар туралы түсінік беру

-Қандай құстарды көп көресіңдер?

-Қыста қалай тамақтанады?

-Құстарға қамқорлық жасау деген не?

Құрлымдалған ойын: «Құстарды тамақтандырамыз»

Тосын сәт.

Торғай ұшып келеді.

Балалардан көмек сұрайды.

Досым жоқ. Малам дос торғайлар керек дейді.

Көмектесеміз бе?

Торғайға көмек

Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трифуретпен жұмыс жасауды түсіндіру.

Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.

Педагог жетекшілігімен ойын: «Біздің көрме»

Балалардың жұмысын бағалау.

Қортынды.

Сұрақ-жауап

Балаларды мадақтау.

27 – сабақ

**Тақырыбы:**

**«Қошақандарға шөп береміз»**

**Мақсаты:** Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілдерін түсіндіре отырып, жасыл түсті пайдалану арқылы шөптердің суретін салуға үйрету.

**ҰОҚ өтілу барысы**

**1.Шаттық шеңбер.**

**«Еркелету» жылулық шеңбері**

Балалардан отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріу.

**2.Ширату.**

**Тақпақ оқу.**

Кіп-кішкентай момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді анам «қозым» деп

«Қошақаным менің» деп

**3.Ой қозғау.**

Тақпақ не туралы айтылған?

Анасын қалай атаймыз?

Балалардың жауаптары.

**4.Қызығушылықтарын ояту.**

АҚТ технологиясымен жұмыс. Экраннан қозы шығу

Балалармен амандасады.

Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?.

Балалар қозы айтады, менің қарным ашты, жерге шөптер енді шығып жатыр диді.

Олай болса біз оған шөп жеуге көмектесеміз бе? Балалардың жауаптары.

**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілдерін көрсету.

Мақталы таяқшаны жасыл бояуға батыру арқылы ұзын-қысқа сызықтар салуды көрсету.

**Балалардың өз бетінше жұмысы. Қадағалау.**

**Сергіту сәті.**

Қошақаны қойдың

Қайда қалып қойдың

Бұлтиып тұр бүйірің

Қай өрістен тойдың?

**П/Ж ойын: «Біздің көрме»**

Аяқталған жұмыстарды бағалау.

**Галерея шаралау.**

Бір бірінің жұмыстарын бағалау.

Жасаған жұмыстарын қозыға беру.

Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындылау

**Тақырыбы:** Жапалақтап қар жауды

**Мақсаты:** Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.

**Қызығушылықты ояту.**

**Жұмбақ жасыру.**

Аспаннан ақ ұлпа боады,

Даланы сейсепке орады.

(Қар)

**1. Ой дамыту**

Қыс мезгілі туралы түсінік беру.

-Қазір қандай мезгіл? Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?

**Сөздік жұмыс жүргізу.** Аяз, үскірік.

**2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.** Саусақпен сурет салу техникасын түсіндіру.

Сөздік:

Саусақ, үскірік, қариды.

**Сергіту сәті:**

«Біз тынығып алайық»

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық,

Алақанды ұрайық,

Бір отырып, бір тұрып.

Біз тынығып алайық

**3. Балалардың өз бетінше жұмысы.**

Қадағалау, көмектесу, түсіндіру.

**Педагог жетекшілігімен ойын: «Қандай түс»**

**Қортынды**

« Біздің көрме»

Балалардың жұмысын бағалау..

Балаларды мадақтау.

## 29 - сабақ

**Тақырыбы.** Сиқырлы ағаш (ұжымдық жұмыс)

**Мақсаты.**

Алақанмен сурет салу қабілетін бекіту. Әр түрлі түсті қолдана білуге үйрету.

Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Армысың, ардақты Аспан ата!

Армысың, мейірімді Жер – ана!

Армысың, шұғылалы алтын күн!

Күліп шықты күн бүгін.

**Балалармен әңгімелесу.**

Балаларды терезе алдына шақырып қыс мезгілі туралы әңгімелесу.

Сұрақ жауап.

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт.**

Суретші келеді.

Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен суретшімін. Бүгін сендердің білімдеріңді көріп тексергім келді. Менің сендерге алып келген тапсырмаларым бар. Соны орындайсыңдар ма?

Балалардың жауаптары

**1 Тапсырма.**

Суретшінің қатесін тап? (жыл мезгілдері)

**2-тапсырма.**

**Жұмбақ**

Қыста киімін тастайды,

Көктемде киіне бастайды.

**Ашық сұрақтар**

Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?

Ағаш не үшін керек?

Ағаш болмаса не болар еді?

Жарайсыңдар.

**Сергіту сәті.**

Оң саусағым шаршады,

Сол саусағым шаршады.

Саусақтарым бірігіп,

Билеп, билеп алады.

**3-тапсырма.**

Сиқырлы ағаш суретін салу.

Балаларды 2 топқа бөлу.

I топ – алақанмен сурет салад.

II топ – бастырмамен ағаштың суретін салады балаларға көмектесу.

Ақ қағаздың дәл ортасына сала білулерін қадағалау, көмектесу.

Суретші:

Балалар сендер сурет салудың тәсілдерін біледі екенсіңдер.

Жарайсыңдар.

Қорытынды.

Көрме ұйымдастыру.

Сиқыршы.

Балалар сендер әдемі ағаштардың суретін салдыңдар мен сол ағаштарыңды сыйлыққа алып кетейін. Маған ұнады.

Сендерге сыйлыққа боямақ кітаптар алып келдім. Соны сендерге беремін.

Балалармен қоштасады.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Мадақтау.

### 30 - сабақ

**Тақырыбы.** Көңілді сайқымазақ

**Мақсаты.** Түстерді ажырата білуге, саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер:**

Армысың, қасиетті Аспан- Ата!

Армысың, мейірімді Жер- Ана!

Армысың, шұғылалы Алтын күз!

Қайырлы таң, қайырлы күн!

**Суретпен жұмыс.**

Циркте жануарлар да бар. Циркте сендер сүйетін, сендерді күлдіретін кім?

Дұрыс . Сайқымазақ.

Қане, бәріміз бірге сайқымазақ деп айтайық.

**Тосын сәт.**

Топқа сайқымазақ кіреді. Сәлеметсіңдер ме, балалар!

**Сайқымазақ:** Мен көңілді сайқымазақтың. Сендер көңілсізсіңдер ғой, келіндер, ойын ойнайық. Қолымдағы сиқырлы шарды кімге берсем, сол бала менімен би билейді.

Жарайсыңдар

Рахмет. Ал, енді, бойымызды жазып, жаттығуды орындайық.

**Сергіту сәті:**

Жоғары қарап күн көрдік, Төмен қарап жер көрдік. Оңға, солға бұрылды, Егеменді ел көрдік.

**Сайқымазақ:** Балалар, мені көрші топ күтіп қалды, мен сонда барып келейін.

Кездескенше, сау болыңдар!

Балалар, көңіл- күйлерің түспей – ақ қойсын. Сайқымазақты біз тағы да шақырамыз. Ал ол келгенше сыйлық дайындап қояйық. Өткен біз адамның сұлбасын салғанбыз. Енді алдарындағы сұлбаға сайқымазақтың киімін киіндірейік.



Үлгі көрсету түсіндіру.

Бақылау.

Жеке көмек көрсету.  
**Қорытынды.**  
Балалардың жұмысын бағалау.  
Көңілді смайлктер беру.  
Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?  
Біз кімді киіндірдік? Сайқымазақ қайда жұмыс істейді?  
Жарайсындар, сендер сайқымазаққа тамаша сыйлық дайындадыңдар.  
Балаларды мадақтау.

### 31 – сабақ

**Тақырыбы.** Гүл

**Мақсаты.** Балалардың қол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Амандасу.

Көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен.

**Балалармен әңгімелесу.**

Қазір қандай жыл мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай мерекелер бар?

-Ең бірінші көктемгі мереке қандай?

Біз 8 Наурыз мерекесінде біз аналарымызға, әжелерімізге, апайларымызға не сыйлаймыз?

Балалардың жауаптары.

**Тосын сәт.**

Азамат қуыршақ келеді.

Балалармен амандасады.

Балалардан анасына ,әжесіне сыйлыққа гүл жасап берулерін өтінеді. Балалар көмектесеміз ба?

**Ой дамыту.**

Гүлдер туралы түсінік беру.

**АКТ технологиясы.**

Слайд.дала гүлдері. Бөлме гүлдері.

Гүлдер.

2-топқа бөлініп гүлдің суретін салып берейік.

**Гүлдер арқылы топқа бөлу.**

1-Топ . Түймедақ гүлі.

2-Топ. Роза гүлі.

Ендеше үлгіге қарап гүлдің суреттерін салайық.

Сурет салу әдісі:

1-топ Мақталы дискамен сурет салу.

2- топ .Шырын бутулкасының көмегі арқылы гүлдің бейнесін келтіре отырып із қалдыру арқылы сурет салу.



Әрбір бейнеленген гүлдің суретіне мақталы таяқшамен сабағын суреттеу.

**Сергіту сәті:**

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші ырғалып,

Өсе берші нұрланып.

**Балалардың жұмысын бақылау**

Жеке көмек көрсету.

**Дидактикалық ойыны.** «Түсі қандай?»

Балаларға түрлі-түсті гүлдерді көрсетіп, түстерін сұрау.

**Қорытынды.**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Азамат қуыршақ разы болып, гүлдерді қабыл алады.

Балалар Азамат қуыршақпен қошатсады.

Балалар, қонаққа кім келді?

- Сендер қандай гүлдердің түрлерімен таныс болдыңдар?

Ненің суреті салдыңдар?

Немен сурет салдыңдар?

Балалардың жауаптары.

Барлық балаларға жақсы әсер қалдыру үшін қағаздан жасалған көбелектерді сыйлық ретінде таратып беру және мадақтау.

**32 – сабақ**

**Тақырыбы:** «Көктемгі ағаштар»

**Мақсаты:** Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**

әр балаға ақ қағаз, бояу, мақта таяқшасы.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Күнім күліп арайлы,

Тереземнен қарайды.

Достарыммен шеңберге,

Тұрғанымды қалайды

**1. Ой шақыру**

Ақ қар еріп, су көбейіп,

Сай–салаға толады.

Ағаш басы бүршік шашып,

Гүл, бәйшешек толады.

Бөбектерім, айтыңдаршы.

Бұл қай кезде болады?

– деп ойлайсыңдар.

– Неге көктем мезгілі деп ойлаймыз?

– Көктем мезгілінің қыс мезгілінен қандай ерекшелігі бар?



### **Бақылау.**

- Далаға қарайық не көріп тұрсыңдар?
- Қар бар ма?
- Көктемде ағашта нелер пайда болады?

### **Ой дамыту**

#### **Үлгіні талдау.**

Ағаштардың діні жуан болады, бұтақтары жоғары қарай өседі.  
Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.  
Ағаштың бұтағындағы бүршікті мақта таяқшасымен салу жолдарын түсіндіру.

### **Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрамыз,  
Қолды белге қоямыз.  
Бұрыламыз оңға бір,  
Бұрыламыз солға бір.  
Балалрдың өз бетінше жұмысы  
Қадағалау, көмектесу.

### **П/Ж ойын: «Біздің көрме»**

**Балалардың жұмысын бағалау.**

### **Қорытынды.**

Сұрақ-жауап  
Балаларды мадақтау.

### **33- сабақ**

**Тақырыбы.** Алма

**Мақсаты.** Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету. Бүктеген жерге ұқыпты  
жәлім жағуды үйрету. Тазалыққы тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**

#### **Шаттық шеңбер**

Кел, балалар, күлейік!  
Күлкіменен түлейік!  
Қабақ түйген не керек!  
Көңілді болып жүрейік!

#### **Миға шабул**

**Жұмбақ жасыру.**  
Әрі қызыл, әрі тәтті  
Татқан жанды таңырқап  
Балалардың жауаптары.

#### **Суртпен жұмыс.**

Балалар сендер қалай ойлайсыңдар алма қайда өседі?  
Алма көкөніс пе әлде жеміс пе?  
- Балалар алманың түсі қандай болады?

-Пішіні қандай?

-Алма қай мезгілде піседі?

**Тосын сәт.**

**Кірпі келеді.**

Балалардан көмек сұрайды.

Үйіне қонақ келе жатырған алма керек екенін айтады.

Балаларды топқа бөлу.

1-топ.

Шаршының бұрыштарын қиып, дөңгелек шығарып қағазға желімдейді.

2-топ.

Жырту тәсілі арқылы алманы жапсырады.



**Сергіту сәті.**

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ:

Қала салсақ, жол салсақ.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек жүргізу.

Қорытынды.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

**Галерия шарлау әдісі.**

Кірпі балалардың жасаған жұмыстарына қуанып рахмет айтып қоштасады.

**Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.**

Қонаққа не келді?

Кірпіге не жасап бердік?

Мадақтау.

34 - сабақ

**Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері**

**Мақсаты:** Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуға үйрету.

**Дидактикалық ойын:** «Үлкен және кішкентай»

**Әдіс – тәсілдер.** Жылулық шеңбері, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, жұмбақтар

**Ресурстар:** ойыншық қоян, машиналардың суреттері, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер**

Салем аспан!

Салем жер!

Салем достарым!

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Тосын сәт:**

Қоян келеді.

Балалардан көмек сұрайды.

Машинасының дөңгелегі жарылып орманға жете алмай қалған.

Балалар, көмектесеміз ба?

**Ой дамыту.**

Машиналардың дөңгелегімен таныстыру, көрсету.

- Пішіні қандай?

- Ол дөңгелек не үшін керек?

**Құрлымдалған ойын:** «Қай машинаның дөңгелегі жоқ?»

Ойын шарты: балалар қай машинаның дөңгелегі жоқ екенін көрсетеді. (автобус, жеңіл машина, трактор)

Балаларды мадақтау.

Балалар енді қоянға көмектесейік.

**Сергіту сәті**

Терең-терең дем алып.

Жүгіріп-жүгіріп алайық.

**Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**

Дайын машина үлгісіне қақпақпен дөңгелекті салу.

Балаларды бақылау

Жеке көмек көрсету.

**П/Ж ойын: «Біздің көрме»**

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Жұмыстарын мадақтау.

Қоян сендерге рахмет айтып жатыр.

Қоянмен қоштасайық.

**Қорытынды .**

- Балалар біз неге көмектестік.

- Не салдық?

**35 - сабақ**

**Тақырыбы.** Күннің көзі

**Мақсаты.** Сары түсті қағазды «Түйіршіктеу» әдісі арқылы жасау.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Шаттық шеңбер:**

**Балалармен әңгімелесу.**

Балалар, көңіл күйіміз қандай?

- Балалар бір сәт айналамызға қарап өзімізді таза ауада тұрғандай сезінейікші.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қарайықшы айналамыз қандай?

- Осындай гүлдердің, талдардың көрікті болып өсуіне не қажет деп ойлайсыңдар?

Балалардың жауаптары.

**Мига шабул.**

**Жұмбақ жасыру.**

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады.

«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері: Сағынбай Ж., Жотина Г., Жұмабай Г.

«Өнерлі екен он саусак» адаптивтік бағдарламасына

### Пікір

Мектепке дейінгі тәрбие -балалардың жас ерекшелігін есепке ала отырып құрастырылған, оқыту мен тәрбиелеу бағдарламалар жиынтығын жүзеге асырудағы жүргізілетін Қазақстан Республикасындағы жас бүлдіршіндерді оқыту жүйесі болып табылады.

Тәрбиешінің «Өнерлі екен он саусак» бағдарламасы негізгі жоспарға қосымша ретінде жүргізілетін вариативтік бөлім болып табылады.

Балалық шағында шығармашылығы жетіліп өскен бала, өмірді тек ғажайып тұрғыдан көреді. Оның көңілі ешқашан қараймайды, жарқын өмір сүреді.

Баланың жан-жақты дамуына, зор ықпалын тигізетін шығармашылық жұмыс баланың қиялын дамытуға жол табады. Осы тұрғыдан мектепке дейінгі мекемеде вариативтік оқу жоспарына қосымша шығармашылық іс-әрекеті енгізілген.

Оқу іс-әрекеті мектепалды даярлық топтарда аптасына 1 рет, жалпы сағат саны -36

Бағдарламада тәрбиеші балалардың шығармашылығын дамытуда түрлі тақырыптарды үлгілік оқу бағдарламасына сай алған. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты құрылған.

### **Түсінік хат**

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, ой-өрісі ақпарат көздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой-өрісі кең, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының заманауи міндеттерін шешуге арналған эстетикалық өнерді оқытудың жаңа амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді.

Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортаның сұлулығын көріп-түсіне білу мәдениетін тәрбиелеуге, көркем –эстетикалық сезімді, еңбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді.

Шығармашылық —бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

#### **Мақсаты:**

Балаларды көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой-өрісін бейнелеу өнері әлеміне бағыттап, қызығушылығын арттыру.

#### **Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының міндеттері:**

- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту;
- сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларын меңгерту;

#### **Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының негізгі бағыттары :**

- айналаны бақылау және қабылдауын дамыту;
- бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларды меңгерту.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Сурет салу құралдарымен жұмыс жасап үйренеді;
- Бейнелеу өнерінің түрлерімен жанрларын айыра біледі;
- Үлгі бойынша суретті дұрыс үйлестіріп жаттығады;
- Түстерді саралауды үйреніп, түстермен жұмыс жасай алады;
- Түстердің мағынасын ашып, әңгімелеп береді;
- Өзі салған суретті салыстыра білуге дағдыланады;

## **Кіріспе**

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді. В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру). Бейнелеу өнерінің сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бала үшін өзінше әр қайсысы қызықты. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл күйін білдіре алады. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады. Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу, жапсыру, мүсіндеу балалардың шығармашылық қабілеттерін жақсы дамытады, көңілдерін көтереді, шығармашылыққа талпындырады. Ол қиял деңгейлерін дамытуға, ой...ұшқырлығына, танымдық белсенділігі мен ізденгіштік қабілеттерін жетілдіруге көп әсерін тигізеді. «Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

### **Мақсаты:**

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру.
3. Балаларды дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез- келген сурет салуда, жапсыруда, мүсіндеуде өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.


**Міндеті:** Балаларды көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой-өрісін қызығушылығын арттыру.

### **Күтілетін нәтижелер:**

Саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

«Жарық» Балалар Бағамының АҚ

Басқарманың  
«Жарық» Балалар Бағамының  
Менеджері Ш.Н. Жұмабаева



Менің  
«Жарық» Балалар Бағамының  
Менеджері А.Б. Жұмабаева

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Дене шынықтыру»

«Күншұақ» тобы

Тәрбиешісі:

Г.Ж.Жұмабай

2021-2022 оқу жылы



**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Допты жоғары қарай лақтырады және оны қос қолымен қағып алады. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіреді.

**Ресурстар:** Доп, жіп

**Әдіс-тәсілдер:** 4К, бала үні, саралау, жаппай бақылау.

Топтастыру әдісі.

### **I. Кіріспе бөлім**

Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.

### **II. Негізгі бөлім:**

1) Аяқтары алыс, таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту (6 рет қайталау)

#### **Б.қ. «Күш жинау»**

2) Аяқтар алыс қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. (6 рет қайталау)

#### **Б.қ. «Қайықшы»**

3) Аяқтары алыс қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі. Таяқшаны жоғары-төмен көтереді. (6 рет қайталау)

#### **Б.қ. «Аплет»**

4) Аяқтары алыс қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. 1-отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, 2-тұрып қолды төмен түсіреді.

3-б.қ. (6 рет қайталау)

#### **Б.қ. «Өрмелеу»**

5) Аяқтарын алыс қойып, таяқшаны жанына тік ұстайды. 1-4 рет отырып қолдарын кезектестіріп таяқшаның басына дейін көтеріледі. 5- б.қ. (6 рет қайталау)

**Б.к. «Күнқарушы таяқшасы»**

6. Аяқтарын алынақ қойып, таяқшаны жатында жерде. 1- екі қолмен таяқшаны ұстап, 2-3 серіппелі қимылмен отырып-тұру. 4-б.к. (6 рет қайталау)

**Б.к. «Бұғы»**

7) Аяқтарын түзу ұстайды. Таяқшаны желкеге қойып, екі аяққа кезекпен құлай жүзгізу. (15-20 секунд)

**Тыныс алу жаттығулары:**

«Жұпар гүл» -мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару

4 К. бала үні.

«Жарқамыс бөбекжай - балабақшасы» МКҚК

Бекітемін: *Жүсіп*  
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
меңгерушісі: Ә.Н. Жұмабаева



Келісемін: *А.Б. Жәмиева*  
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
әдіскері: А.Б. Жәмиева

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

«Балбөбек» тобы

Тәрбиешісі: А.І.Өмірғали

2021-2022 оқу жылы

лім беру саласы: Таным

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларды үй жануарларымен таныстыру, олар жайында түсінік беру. Сөздік қорын байыту, тіл байлығын дамыту.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

Көрнекіліктер: Үй жануарларының суреттері, ойыншықтары

ҰОҚ-нің барысы:

**Шаттық шеңбер**

Шуақ шаша,

Алтын таңда

Табиғатта бәрі оянды.

Оян сенде, бар бала

Қайырлы күн, достарым! Саламатсыздар ма?

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілі

-Қыста қандай өзгерістер болады?

-Күн суық, аяз болады, қар жауады, т.б

**Сурет арқылы**

II. Үй жануарларымен таныстыру, әр жануардың ерекшелігін түсіндіру.

-Мынау не?

-Сиыр

-Сиырдың мүйізі болады.

-Ат, жылқы, түйе, қой, ешкімен таныстыру, ерекшеліктерін түсіндіру

-Балалар үйлеріңде қандай жануарлар бар?

Балалардың жауабы

-Бұлардың барлығын үй жануарлары деп атаймыз. Себебі олар адамдардың көмегімен үйде өсіріледі.

-Олар жеп, шөп. сумен қоректенеді. Үй жануарларының пайдасы бар, олардың сүтін ішеміз, етін жейміз.

**АКТ қолдану**

мәснә

мәснә арқылы үй жануарларының қалай дыбыстайтынын тыңдату.

Жытқы-----кісінейді шшшшгәә-шшшә

Сыыр-----мөңірейді мө-мө-мө

Қой-----маңырайды мәгәгә-мәгә

Түйе-----боздайды бооооо-бооооо

### Сергіту сәті

Қошақаны қойдың

Қайда қалып қойдың?

Бұлтиып тұр бүйірін

Қай өрістен тойдың?

Ағаш үй жанынан үй жануарларының ойыншықтарын көрсетіп, аттарын табу..


### Қорытынды.


-Біздер нелермен таныстық?

-Үй жануарларына нелер жатады?

### Балаларды мадақтау

«Жарқамыс бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Бекітемін:   
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
меңгерушісі Ә.Н. Жұмабаева

Келісемін:   
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
әдіскері: А.Б. Жәмиева

**Білім беру саласы: «Қатынас»**

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

«Балбөбек» тобы

Тәрбиешісі: С.К. Каржаубаева

2021-2022 оқу жылы

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Бөлімі:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық»

**Мақсаты:** Балаларды «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнымен толық түсіндіріп, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** ертегі кейіпкерлерінің суреттері

**Шаттық шеңбері.**

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз.

Ренжуді білмейміз! Сәлем, Сәлем, Сәлем!

-Балалар бүгін оқу іс-әрекетімізде ертегілермен танысамыз.

-Балалар сендер ертегі білесіңдер ме?

-Иә

**Дидактикалық ойын «Жұмбақтың шешуін тап»**

Атай өзі салғанын

Көрді өсіп қалғанын,

Ары тартты, бері тартты,

Тарта алмады .Бұл қай ертегі? (Шалқан)

Атасынан қашып кетті

Апасынан қашып кетті

Кездестіріп біраз аңды,

Біраз жолдан асып кетті. Бұл қай ертегі? (Бауырсақ)

-Иә ,балалар сендер көп ертегі біледі екенсіңдер.Бүгін мен сендерге «Мақта қыз бен мысық» ертегісін айтып берейін.

-Мақта қыз бен мысық дос болады. Мақта қыз үй жинап жүріп мейіз тауып алады.

**Аяқтау.**

**Сергіту сәті.**

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентайт ағаштар

Су құйғанда өседі. (2 рет қайталау)

**Отырғызу. Жұмбақ жасыру.**

Үйін жинап ертеңмен,

Мейіз тауып алыпты

Мысығы келмеген соң

Ол өкпелеп қалыпты. Бұл қай ертегі (Мақта қыз бен мысық)

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі кейіпкерлерін тани біледі


**Игереді:** Мазмұнын игереді

**Меңгерді:** Ертегіні зейін қойып тыңдап, кейіпкерлердің көңіл-күйін меңгерді



«Жарқамыс бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Бекітемін: *жүзік*  
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
меңгерушісі: Ә.Н. Жұмабаева



Келісемін: *А.Б. Жәмиева*  
«Жарқамыс» бөбекжай - балабақшасының  
әдіскері: А.Б. Жәмиева

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Бөлімі: «Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру»**

**«Күншуақ» тобы**

Тәрбиешісі: Жотина.Ғ.К

2021-2022 оқу жылы

**Білім саласы:** Таным

**Бөлімі:** Қарапайым математикалық  
түсініктерін қалыптастыру

**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру

**Мақсаты:** Әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйренеді. Қаншалықты артық немесе кем деген сұраққа жауап бере алу. Ойлау қабілетін дамыту.

**Көрнекі құралдар:** Геометриялық пішіндер үлестірмелі заттар сандар

**Әдіс-тәсілдер:** Көрсету түсіндіру Сұрақ-жауап

Мотивациялық кезең Ізденіс ұйымдастыру кезеңі.

**Шаттық шеңбері**

Біз бақытты баламыз

Айтқан тілді аламыз

Достарымды көргенде

Қуана қарсы аламыз

Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыз мезгілінің қай айы?

-Қыстың қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

-Бүгін аптаның нешінші күні?

-Екінші күнді қалай атаймыз?

Балалар бүгін ұйымдастырылған оқу іс әрекеті математика негіздері

Қызығушылықтарын ояту

**Қоян:** Көңілсіз балалардан көмек сұрау

Балалар маған аю көп тапсырма берді , өзім орындай алмадым маған сіздердің көмектеріңіз керек

**1тапсырма**

Шарты: Сандардың көршісін табу

### 2тапсырма

Бірден үшке дейін тура және кері санау

### 3тапсырма

Суретпен жұмыс

### 4 тапсырма

Логикалық сұрақтар

Қоянда неше құлақ бар

Себетте 3 алма бар 1еуін тиын жеп қойды неше алма қалды

### Сергіту сәті

Бір қадам оңға шапалақ

Бір қадам солға шапалақ

Бір қадам алға шапалақ

Бір қадам артқа шапалақ

### 5тапсырма

Пішіндерден үй құрастырамыз.

### Қорытындылау.

-Бүгін сабақта не үйрендік?

-Қандай тапсырмалар орындадық ?

-Қандай пішіндермен таныстық?

-Қоян риза болдыма ?

Қуанған қоян балаларға көңілді смайликтер беріп риза болды.

«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасы

Музыкадан ұйымдастырылған  
ашық оқу қызметі  
Тақырыбы: «Қыс қызығы»

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін:

«Жарқамыс» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның

әдіскері: А.Б. Жәмиева

Күні: 06.01 . 2022 жыл

Тобы: «Күншуақ» ересек топ.

Білім беру саласы:

Шығармашылық

Бөлімі: музыка

Кіріктірілген білім салалары: таным

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: музыкаға қызығушылықтарын

арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап,

сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай

жалғастыру. Әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге,

оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулау. Музыка арқылы табиғат құбылыстарын

сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.

Білімділік: марш сипатын анық ырғақ жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл

ырғақты жүріс пен бірге үйрету:

Тәрбиелік: эстетикалық тәрбие беру:

Дамытушылық: музыка сипатының өзгеруіне сәйкес қозғалыстарды өзгерту дағдыларын

жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер: сергіту жаттығулары, сұрақ-жауап, критериялды бағалау, ойын, зерттеу

жұмыстары.

Көрнекі құралдар:

Іс-әрекет кезеңдері	Саз жетекшісінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды марш екпінімен залға кіргізіп, амандасу. - Балалар, ашық оқу қызметімізді бастамас бұрын дене қыздыру жаттығуларын жасап алайық.	Балалар залға кіріп әндетіп амандасады.  Балалар әуен сөзіне қарай қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру - іздестіру	- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Дұрыс айтасыздар. Біздің де бүгінгі оқу қызметіміз де қыс мезгілі туралы болмақ. Ендеше қыс мезгілі туралы ән айтайық. Музыка тыңдау: Балалар қыс мезгілі қандай әдемі, керемет. Қардың түсі қандай? Қарды қолымызбен ұстап қарайықшы расында еріп кетеді ия. Қыс мезгілінде тағы қандай қызықтар бар. «Қар лақтырысып» ойнайық. Өте жақсы балалар енді біз	Қыс қызығы  Балалар музыка әуенін тыңдайды.  Себебі қар жылы жерде еріп кетеді.  Балалар қызығушылықпен орындайды. Балалар шаңғы, шана, сырғанақ тебеді. Аққала жасап, қар лақтырысып ойнайды.  Ойынға белсене қатысады.

	<p>қыс туралы ән үйренейік. Ол үшін бірінші дауысымызға жаттығу жасап алайық. Дауыс жаттығуын жасату. Ән үйрену: «Қыс қызығы» Әнді бірнеше рет қайталату. Жарайсындар, балалар.</p>	<p>Жаңа әнді қызығушылықпен тыңдап, орындайды.</p> <p>Балалар көңілденіп қимылдарды бірнеше жасауға талпынады.</p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Балалар тақтаға зер салайық не көріп тұрсындар? Дұрыс көңілді 2 түрлі смайликті көріп тұрсындар. Енді осы смайликтерге бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерінді көрсету үшін смайликтерге жүрекшелерді жабыстырайық. өте жақсы балалар сендерге көп рахмет.</p>	<p>Көңілді және көңілсіз екі түрлі күйдегі смайликті.</p> <p>Балалар топқа бөлініп аққала жапсырып, ерекшеліктерін айта білді.</p> <p>Балалар алған әсерлерімен бөлісіп смайликтер таратылды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білуі керек

: журу, жүгіру, секіру әуенге сай жасай білуді.

Нені игереді: музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Нені меңгереді: музыка сипатының өзгеруіне сәйкес қозғалыстарды өзгертуді.